



**ӘДИСТЕМЕЛІК ӨНІМДІ ҚҰРАСТЫРУ
ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ БОЙЫНША
ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН
ӘДИСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО РАЗРАБОТКЕ, СОСТАВЛЕНИЮ И
ОФОРМЛЕНИЮ ПЕДАГОГАМИ
МЕТОДИЧЕСКОЙ ПРОДУКЦИИ**

2023

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің «Білім саласындағы
әдістемелік жұмыс және
ақпараттық технологиялар
орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі»



Коммунальное государственное
учреждение «Центр методической
работы и информационных
технологий в сфере образования»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо-
Казахстанской области»

**Әдістемелік өнімді құрастыру
және ресімдеу бойынша педагогтерге арналған
әдістемелік нұсқаулықтар**

**Методические рекомендации
по разработке, составлению и оформлению педагогами
методической продукции**

**Петропавл қаласы, 2023 жыл
город Петропавловск, 2023 год**

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ білім беру ұйымдары педагогикалық кадрларының әдістемелік өнімдеріне сараптама жүргізу бойынша облыстық сараптамалық комиссия шешімімен ұсынылады. 27.10.2023 жылғы №7 хаттама.

П -7-35

Рецензенттер:

Черных Валентина Анатольевна, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ білім сапасы жөніндегі бөлім басшысы.

Курмангалиева Ляззат Сурагановна, Ақмола облысының білім басқармасының әдістемелік орталығының директоры.

Құрастырушылар:

Мурзалинова Алма Жакимовна, М.Қозыбаев атындағы СҚУ «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Габдуллина Бахыт Мырзагалиевна, «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ, директорының орынбасары, әдіскері, педагогика ғылымдарының магистрі.

М54 Әдістемелік өнімді құрастыру және ресімдеу бойынша педагогтерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар/ Мурзалинова А.Ж., Габдуллина Б.М.–Петропавл қ., 2023 ж. – 162 б.

Әдістемелік өнімді әзірлеу, құрастыру және ресімдеу бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсыныстар келесі міндеттерді іске асыруға бағытталған:

- 1) педагогтердің авторлық өнімдерін әзірлеу және басып шығарудағы қызметіне қолдау көрсету;
- 2) БСӨЖЖАТО мен педагог қауымы және сараптамалық, баспа қызметі арасындағы өзара әрекеттестік регламентациясы;
- 3) әдістемелік өнім сапасын қалыптастыруға ықпал жасау.

Осы баспа құралында педагогтің кәсіби күзіреттілігіне қойылатын талаптар көрсетілген, соның ішінде, авторлық әдістемелік өнімді құрастыру мен ресімдеуге байланысты талаптар.

Басылым әдістемелік өнім жанрлары (құрылымы, контент, талаптар) мен өте өзекті ақпараттармен қамтылған.

Ұсынылған кеңестер аудандық/қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлеріне, әдістемелік орталықтар мен кабинеттерге, білім берудің әр саласындағы педагогтерге, студенттерге және «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы магистранттар мен студенттерге арналған.

Мазмұны

Кіріспе / Түсінік хат /	4
1. Педагогтің зерттеушілік қызметі немесе авторлыққа апарар жол.....	7
2. Әдістемелік өнім мазмұны бойынша кеңестер немесе педагогтің алғашқы бағыт-бағдары	10
3. Әдістемелік өнімнің өзекті жанрларының контенті немесе педагог шығармашылығының шеңбері	15
4. Әдістемелік өнім сапасының сараптамасы немесе педагогке арналған оңтайлы стандарт.....	31
Қорытынды	34
Әдебиеттер.....	37
Қосымша.....	39

КІРІСПЕ

Кәсіби шеберлік ұстаздың ең басты қасиеті ретінде барлық ұстаздардан өзінің кәсібін дамуын бақылау мен жаңа білімді өз қызметіне еркін енгізуді талап етеді.

Паси Сальберг. Фин сабақтары.

Финляндия мектептеріндегі білім беру реформаларының жетістіктері [1].

Бүгінгі күні қазақстандық білім беру жүйесінде белсенді реформалау үдерісі жүріп жатыр: білім беру мазмұнын жаңартылуда, оқыту мен зерттеу интеграциялануда, коллобарация механизмі дамуда, жаңа модельдер мен өзгерістер, педагогикалық қызмет пен оқытудың жаңа технологиялары мен түрлері енгізілуде және педагогтің кәсіби құзіреттілігіне қойылатын талаптар күшеюде. Бұл талаптар негізінде педагогтерге қажетті білімді белсенді игереді/дағдылар/құзіреттіліктер, соның ішінде, зерттеумен, жүйелеумен байланысты өзіндік педагогикалық тәжірибесін таратады, жалпылайды. Білім беру жүйесінде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты, «Қалай оқыту керек?» деген сұрақ «Нені оқыту керек?» деген сұрақтан маңызды болып отыр.

Әдістемелік өнім әзірлеуге құзіретті педагог үздік педагогикалық идеяларды жеткізуші және білім беру мекемесіндегі әдістемелік- педагогикалық үдерістің көшбасшысы.

Педагогикалық тәжірибе дегеніміз - өзінің оқыту тәжірибесіндегі қағидаттарды, механизмдерді, құралдарды үздіксіз, белсенді, шығармашылық түрде жақсарту мақсатында, балалар мен оқушылардың және педагогтің жеке сұраныстары мен қиыншылықтарын, нақты ахуалды есепке ала отыра, іске асыруы [2,34].

Біздің ойымызша, тәжірибені жалпылау -өзінің субъектілік мазмұнына байланысты, **педагог-автордың сараптаушылық ойлауын** (expert thinking) талап етеді, ал тәжірибені жалпылаудың мақсаттарының бірі – **қоғамдастықтар мен кәсіби мамандардың талдауы** (expert analysis).

Біздің көзқарасымыздың объективтілігі 2022 жылғы 15 желтоқсанда «Педагог» стандарты бойынша мақұлданған Кәсіби стандартпен бекітілген [3].

«Педагог» жаңа кәсіби Стандарт/Білім 4.0 педагог құзіреттілігінің кеңейтілген шеңберінің:

- а) кәсіби құндылықтары;
- б) кәсіби біліктілігі;
- в) пәнді оқыту құзіреттілігі;
- г) кәсіби өсу (даму) құзіреттілігі.

Соңғысы 1-кестеде көрсетілген, индикаторлары қосыла берілген 2 критерий бойынша анықталады.

Кесте 1. «Педагог» кәсіби Стандартындағы кәсіби даму құзіреттілігі (Білім 4.0)

Кәсіби өсу (даму)	Критерийлер	Индикаторлар
Педагогикалық қызметін тиімді атқаруға мүмкіндік беретін құзіреттіліктерді дамыта отыра, өзінің кәсіби өсу деңгейін басқарады	1.Өзінің жеке тәжірибесі мен әріптестер тәжірибесінің рефлексиясы	1.1 Өз тәжірибесін және әріптестерінің тәжірибесін талдайды 1.2 Әріптестерімен әрекеттесе отыра, өз тәжірибесінің даму шеңберін анықтайды 1.3 Өз тәжірибесін үздіксіз жақсартуды жоспарлайды 1.4 Әріптестерімен әрекеттесе отыра, өз тәжірибесін өзгерту тиімділігін бағалайды
	2. Өзін-өзі дамыту	2.1 Әріптестерімен әрекеттесе отыра, өзінің кәсіби құзіреттілігінің талдауын жүргізеді

	сапасын басқару және көшбасшы болуға ұмтылу	2.2 Кәсіби білімді, дағдыларды және құзіреттілікті дамытудың тиімді жолдарын орнатады. 2.3 Өзінің кәсіби даму мақсаттарының нәтижеге жетуін басқарады. 2.4 Тәжірибесін таратады, әріптестерінің зерттеу жұмыстарын үйлестіреді және педагог қоғамдастығына кәсіби қолдау көрсетеді.
--	---	---

Қазіргі қоғамдағы күрделі білім беру ортасында «артық» болмау үшін, білім беру саласындағы қарышты өзгерістерге табысты бейімделу жолында, педагог өзінің және әріптестерінің оқыту тәжірибесіндегі зерттеушілік-сараптамалық позициясын ұстануы қажет.

Бастысы, өзіңіздің күнделікті тәжірибеңізді ой елегінен өткізіп, басты назарда ұстау қажет.

Әр іс –әрекет келешекте тәжірибе болмаса да, сол мақсатқа жетуге тырысыңыз.

Біздің ойымызша, авторлық тәжірибе жинақтау үшін қомақты, жарқын тәжірибе қажет және ол тәжірибе оқушылардың білімі мен тәрбиесін сапалы түрде ұштастыратын құрал болуы тиіс.

Педагогтің үздіксіз дамуы оның практикалық іс-әрекетін тәжірибеге айналдырады.

Тәжірибелі педагог өзінің іс-тәжірибесін үнемі дамытып отырады, нәтижесінде ұлттық және өңірлік білім беру саласының мақтанышына айналады.

2-кестеде «педагогикалық іс-тәжірибе» мен «педагогикалық тәжірибе» арасындағы айырмашылық көрсетілген. Бұл кесте педагогке тиімді іс-тәжірибеден үздік тәжірибеге жетудің өз траекториясын қалыптастыру жолдарын көрсетеді.

Кесте 2. Педагогикалық іс-тәжірибе және педагогикалық тәжірибе: ортақ белгілері мен айырмашылықтары

Педагогикалық іс-тәжірибе (ПТ)	Педагогикалық тәжірибе (ПТ)	Ортақ	Айырмашылықтары
Келешекте педагогикалық қызмет атқару мүмкіндігін беретін құзіреттілікті қамтитын, іс-тәжірибелік дағдыларды дамытатын және бекітетін оқыту қызметінің түрі	Түпкілікті нәтиже беретін жеке қабілеттер мен жағдайлар көрініс табатын кәсіби мәселелер мен міндеттерді шешетін тәжірибенің тұтас мазмұны	1) кәсіби қызмет; 2) қызмет субъектісі-педагог; 3) қызметтің жалпы мазмұны – процессуалды-нәтижелі.	1) хронологиялық байланыс: ПТ алғашқы, ПТ; екінші 2) қызмет шеңбері: в ПТ – оқу-үйрену, даму, тәрбие; ПТ – мәселені шешу және жақсарту ; 3) қызмет құралдары : ПТ – жалпы, стандартты, бірегейленген; ПТ – дербес, авторлық, жеке стильдік туынды.

Білім беру саласын ашық реформалау жағдайында әдістемелік материалдар мен басқа да оқу құралдары, педагогтердің әдістемелік өнімдері-оқу материалдарының басқа түрлері- ПТ мен ПТ-ні жалпылау құралы болып табылады.

Сонымен қатар, педагогтер әзірлеген тәжірибелік бағыт беретін әдістемелік өнімдермен білім беру мекемелерін қамту мәселесі шешілмеген.

Оқу және әдістемелік материалдар – әдістемелік және (немесе) оқытуға бағытталған баспа және электрондық түрдегі, бірегейленген, тығыз байланыстағы тәрбиелеу мен психологиялық-педагогикалық бағыттағы құралдар [4, 363 б.].

Әдістемелік өнім – педагогтің кәсіби құндылықтарды, білімді, тәжірибені және педагогикалық қызмет нәтижесін жалпылау және ресімдеу түрі.

Әдістемелік өнім:

- 1) педагогтің /ұжымның әдістемелік қызмет нәтижесінің түрі;
- 2) білім беру үдерісін ғылыми- әдістемелік және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету түрі;
- 3) алдыңғықатарлы педагогикалық тәжірибені тарату және үздік тіс-тәжірибені жалпылау.

Әдістемелік өнім – кәсібилікті, құзіреттілікті, педагогтің кәсіби деңгейін көрсететін құрал.

Әдістемелік өнім түріне қарай (әдістемелік өнім, әдістемелік әзірleme, әдістемелік нұсқаулық) автордың түрлі мәселелер төңірегіндегі құзіреттілігі жөнінде айтуға болады:

- кәсіби қоғамдастықта тарату үшін мәліметтерді жүйелі түрде ұсыну тәртібі;
- педагогтің тәрбиелеу /дамыту, оқыту түрлері, амалдары мен әдістерін қолдану мен таңдау негіздері;
- білім беру үдерісі/іс-шара әдістемелерінің мазмұны.

Педагог кез келген міндетті іске асыру кезінде, өзінің авторлық көзқарасын ұсынады және өз тәжірибесіндегі қолданған, зерттеген, талдаған іс-әрекеттерін баяндайды.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, әдістемелік өнімді әзірлеу мен ресімдеу барысында бірінғай талаптар әзірлеу механизмін қабылдау қажет.

Педагогтердің дені әдістемелік өнімнің келесі түрлерін әзірлейді:буклеттер, парақшалар, портфолио, рефераттар, нұсқаулықтар, сценарийлер, жадынамалар, плакаттар, диаграммалар, іскерлік ойындар, жаттығулар жинағы,тақырыптық папкалар, дидактикалық материалдар, әдістемелік ұсынымдар, әдістемелік құралдар, оқу құралдары, бағдарламалар, т.б. Өнімді әзірлеу кезінде жиі туындайтын сұрақ: «Әдістемелік өнім сапасын қалай арттыруға болады?»

Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты – педагогтерге өзінің ПТ мен ПТТ зерттеу мақсатында, әзірлеу, құрастыру, ресімдеу және рецензиялау барысында ақпараттық-талдау тұрғысында қолдау көрсету,

Әдістемелік нұсқаулықтың қажеттілігі -баспаның мазмұны мен авторларға арналған нұсқаулықтар мен ұсыныстардың айқын, қысқа түрдегі кешен түрінде берілуі мен әдістемелік құндылығында

Соның ішінде:

- 1) мазмұны бойынша жеке көзқарасы;
- 2) ПТ субъекілік мазмұны;
- 3) ПТ бірегейлігі.

Педагог-авторларға ұсыныс:

- ойтолғам әдістемесі – ПТ, ПТТ туындайтын білім беру жағдайының талдауы, оқытудың /оқудың бағалау мәселелерін шешуге сүйену, мәселені шешудің тиімді әдістеріне негіздеу, оқушылардың академиялық нәтижелерге қол жеткізуге жаңа жағдайлар жасау және ПТ жақсартуға мүмкіндіктер жасау;

- іс-әрекет әдістемесі – оқушылар мен педагог арасындағы өзара әрекеттестіктің мазмұнын ұсыну, педагогикалық әдебиеттегі (негіздеме болуы) авторлық пікірдің басымдылығы, әдебиеттің мазмұны және оны жалпылау, оқыту тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі, ұсынымдар мен нәтижелерді қалыптастыру

Әдістемелік нұсқаулықтың тәжірибелік маңызы - өзекті әдістемелік өнім түрлерінің қысқа (навигациялық) сипаттамасында және компонент мазмұны, құрылымына қойылатын талаптар мен әзірлеу алгоритмінде

Әдістемелік нұсқаулықты іс-тәжірибеде қолдану нәтижесінде күтіледі:

- педагогтер арасында авторлар командаларының саны артады;
- баспадан шығатын әдістемелік өнім түрлері кеңейеді;
- педагогтердің зерттеушілік іс-әрекеттерінің толық аяқталуы (Lesson study, Action research);
- баспадан шығатын әдістемелік өнім сапасы;
- СҚО бойынша білім берудің экожүйесін құру.

Күтілетін нәтиженің түпкі көздеген мақсатына түсініктеме.

Толыққанды дамыған білім берудің экожүйесі - ашық және білім беруді ұсынушылардың түрлі, даму үдерісіндегі қоғамдастығы. Бұл қоғамдастықтар нақты өңірде немесе нақты контексте оқушылардың түрлі сұраныстарына қызмет етеді.

Аймақ немесе өңір білім беру экожүйесінің кішігірім бірлігі болады – ал, дербес білім беру мекемелері (мектеп, университет және т.б.) ешқашан өздігінен толыққанды экожүйе бола алмайды, алайда, «экожүйелік» қасиеттерге ие болумен қатар, экожүйенің орталық құрылымдық элементі болуы мүмкін. [5, 52 б.].

Тиімді әдістемелік құралдың педагог-авторлары білімді жеткізушілер болып саналады.

Олардың ортақ жеке ПТ-кәсіби қоғамдастықты дамытуға қосқан, сұранысқа ие үлесі болып табылады, «жеке кәсіби қалыптасулары бірлескен кәсіби қызмет және ортақ білімді жинақтау есебінен құрылады» [5, 49 б.].

Үздік әдістемелік құралдарды басып шығару және әзірлеуді жеделдету арқылы жеке және ұжымдық білім беру үрдісінің толық үйлесімде болуы- өмір бойы, әркез және барлық жерде жүретін жаңа білімді қалыптастыратын маңызды шарттардың бірі.

ПЕДАГОГТИҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІ НЕМЕСЕ АВТОРЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ

Педагогикалық әзірлемені ресімдеудің жалпылама әдісі педагогикалық өнімді жасаудағы педагогикалық тәжірибеден және рефлексиядан құрастырылады, өнім нақты алгоритм бойынша құрылады, бірақ, бір-бірінен айырмасы- педагогикалық жаңалық мазмұнының баламасы жоқ, қайталанбайтындығында.

Өнім әзірлеудің екінші шарты- нақты таңдалған бағыт бойынша педагог өз алдына қойған мақсат бойынша туындаған сұрақтардың шешімін іздеуі. Басқаша айтқанда, « Сіз кәсіби педагог ретінде оқыту-тәрбиелеу үдерісінде өзіңізге тән, дәстүрлі (қоғамдық, жалпыға бірдей) оқытудан ерекшеленетін қандай жаңа мазмұн енгіздіңіз?

Осы сұрақтарға берілетін жауаптың тереңдігі мен дәйектілігі педагогтің кәсіби өсу динамикасының «өзі үшін автор болу» ұстанымынан «автор-педагог- зерттеуші» ұстанымының бағыт-бағдары болып табылады [6].

Білім беру тәжірибесін технологиялық дамыту мен шығармашылық еркіндік жағдайында білім беру мекемелеріндегі педагогикалық ізденіске, зерттеу және тәжірибелік жұмыстар басты назарда болып отыр.

Тәжірибе алаңдарындағы басшы, педагог-зерттеушінің ғылыми-ізденіс қызметтерін бағадарламалық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету қолға алынған.

Педагогтердің басым бөлігі өз тәжірибелерін авторлық басылым түрінде жалпылауға тырысады.


Осындай түрдегі білім беру тәжірибесінің перманентті жаңашылдығы үздіксіз түрде қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформаларға ыңғайластырылған, бұл- заман талабы, содан туындайтын, **сауатты педагогикалық жобалау үшін зерттеушілік ойшылдықты дамыту мәселесі /педагогикалық дизайн өзекті болып табылады.**

2022 жылғы 20 желтоқсандағы ҚР Оқу-ағарту министрі бекіткен № 533 бұйрыққа сәйкес, педагогтерді аттестаттау жағдайлары мен ережелерінде қарастырылған зерттеушілік қағидалары, мысалы:

- сабақтың зерттеуі мен рефлексиясын жүргізеді (педагог-модератор);
- өзінің және әріптестерінің алдағы кәсіби дамуын конструктивті түрде анықтайды (педагог-сарапшы);
- сабақты зерттеу және бақылау құралдарын әзірлейді, конструктивті түрде педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегияларын анықтайды (педагог-зерттеуші);

- үздік педагогикалық тәжірибені енгізеді және бағдарламаларды немесе әзірлемелерді құрастырады; оқу-әдістемелік құралдардың, басылып шыққан оқулықтардың авторы(қосалқы авторы); өзінің іс-әрекеттері мен шешімдерін бағалайды, түзетеді және басқара алады (педагог-шебер) [7].

Педагогтің зерттеушілік қызметін кең ауқымды түрде көрсетуге денотаттық граф көмектеседі (Сызба 1).



Сурет 1. «Педагогтің жүйелік зерттеушілік қызметі» түсінігінің денотаттық графы

Заманауи білім беру кеңістігінде қажетті педагогтің зерттеушілік құзіреттіліктер кешенін ұсынамыз:

- ғылым деректері мен педагогикалық тәжірибе фактілерінен қажетті білім беретін ақпараттарды жедел түрде алу;
- өнімді білімдік фактілерді, тәжірибе мен теория арасындағы туындаған мәселені талдау;
- туындаған педагогикалық мәселелерді анықтау, түзету, бақылау, шешу;
- тәжірибеден пайданы табу және алу;

- мақсатты анықтау, оқушылардың дербес даму траекториясын жоспарлау және ұйымдастыру;
- оқушылардың өзін-өзі көрсету, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыруына жағдай жасау және оны негіздеу, анықтау;
- өз қызметінің нәтижесін және жетекші идеясын көрсету, сыни бағалау, талдау;
- зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша рефлексиялау;
- өз әріптестерінің, өзінің және оқушылар қызметінің күшті жақтарына сүйену.

Нәтижесінде, зерттеу бағытындағы педагог – эрудит, аналитик, кәсіби қоғамдастықтағы сарапшы, идеялар генераторы, жүйелеуші, тәжірибе жүргізуші, білім беру көшбасшысы, табысты бәсекеге қабілетті қалыптасқан маман:

- конструктивті түрде жобалайды, оқытатын және тәрбиелейтін әрекеттерді түзетеді, бағалайды;
- ғылым жетістіктерін тәжірибеге батыл енгізеді;
- зерттеу әдістемелерін негіздемесімен әзірлейді және қолданады;
- саналы түрде өзінің педагогикалық шеберлігін, т.б. шыңдайды.

Бұндай педагогтің жұмыс жүйесі басқа педагог-орындаушының жұмысымен салыстырғанда, инновациялық (жаңа білімді жасау және қолдану), креативтілігімен (шығармашылық) ерекшеленеді (3-кестені қарау).

Кесте 3. Педагог қызметіндегі зерттеу және орындау ерекшеліктері

Педагог-орындаушы	Зерттеу бағытындағы педагог
қажеттісін іске асырады	инновацияларды енгізеді
сақтайды	дамытады
ұйғарым жүйесіне назар аударады	оқушылардың қажеттіліктеріне назар аударады
бақылауға сенеді	сенімді
шектеулі көру өрісінде әрекет етеді	келешекке жоспар жасайды
қалай және қашан? деген сұрақ қояды	не және неліктен? деген сұрақ қояды
қайталайды	жасайды
статус квомен келіседі	статус квоны өзгертеді
классикалық жақсы орындаушы	креативті тұлға

Зерттеу бағытындағы педагог пен ғалым үшін педагогика мен білім саласындағы ортақ мақсат-зияткерлік мәселелерді шешу, ол үшін керек дағдылар: мәселені анықтау және оған нақты материалды сәйкестендіру; болжау жасау және оны іске асыруда одан туындауы мүмкін мәселелер: «Не болар еді, егер...»; мәселені шешуді оңтайлы тәртіппен және т.б. жолдармен іске асыру. Зерттеу қызметінің ең маңызды белгісі ретінде білім беру тәжірибесін жақсарту және талдау үшін ғылыми-педагогикалық білімдерді қолдануға деген ынтасы мен дайындығы [8,31].

Педагог үшін тәжірибе мен педагогикалық ғылымның байланысы, осы байланыс жүйесіндегі педагогтің алатын орны, оның тәжірибелік қызметінде зерттеу әдістері қандай қолданыс табатыны туралы білуі өте маңызды.

Сонымен, егер қоғам білім мекемесін формалданған құрылымнан шығармашылық зертханаға айналдыра алмаса, келешек бұлыңғыр болады.

Бұндай құбылыс белсенді жүріп жатыр, бірақ осындай құбылыс негізінде педагогикалық үдеріс жүріп жатқан, үздіксіз кәсіби дамуға ынталы педагогтерге деген сұранысты арттырады,

Өз кезегінде, педагогтің белсенділігі мен аяқталған зерттеулері туралы оның әзірлеген оқу-әдістемелік өнімінің сапасы, саны бойынша айтуға болады.

ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАР НЕМЕСЕ ПЕДАГОГТИҢ АЛҒАШҚЫ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

*Оқу әдебиеті ақылды, қысқа,
түсінікті, ыңғайлы болғаны абзал.
Б.И.Свинухов, В.М.Хлебушкин*

Әзірленетін/құрастырылатын әдістемелік өнімнің контенті мен құрылымы сәйкес болуы үшін, педагог функционалдық қолдану мақсаты бойынша, 4- кестеде берілген әдістемелік өнім түрлерінің жалпы классификациясын білуі тиіс.

Кесте 4. Функционалдық қолдану мақсаты бойынша әдістемелік өнімнің түрлері мен жанрлары

№	Әдістемелік өнім түрі	Мақсаты	Әдістемелік өнім жанрларының түрлері
1	Ақпараттық-әдістемелік	а) педагог қауымы үшін өзекті мәлімет беру; б) тиімді ПТ талдау; в) жаңашыл технологиялар мен әдістердің, т.б. қолданылуын түсіндіру	бюллетень, жаршы, газет, ақпараттық-әдістемелік көрме, әдістемелік-ақпараттық анықтама, әдістемелік коментарийлер, ұсынылатын библиографиялық тізім (сілтеме), сөздік
2	Ұйымдастыру-әдістемелік	а) білім берудегі іс-әрекеттердің мақсатын, ұйымдастыру тәртібін және өткізуін түсіндіру; 2) оқыту-тәрбиелеу үдерісінің әдістемесін түсіндіру	Әдістемелік-нұсқаулық хат, нұсқаулық, әдістемелік жазбалар, әдістемелік әзірлемелер, әдістемелік нұсқаулықтар, жадынама, ереже
3	Қолданбалы-әдістемелік	Әдістемелік өнімнің басқа түрлерінде көрініс тапқан, мазмұны толық ашылған, толықтырылған көмекші материал	іскерлік ойын, диаграмма, график, картотека, каталог, плакат, жаттығулар жинағы (конференция материалдары), сценарий, тақырыптық папка, Материалдардың тақырыптық жиынтығы, әдістемелік құрал
4	Ғылыми-әдістемелік	а) оқыту/білім беру/дамыту/тәрбиелеу технологияларын, моделін, әдістерін негіздеу және ұсыну	баяндама, тезистер, мақала, авторлық эксперименталды бағдарлама
5	Оқыту(білім беру)	а) оқу пәндерін жүйелі түрде көрсету; б) Оқытуға/тәрбиелеуге көмек ретінде материалдарды ұсыну; в) пәнді оқыту/ оқу тәртібін, көлемін, мазмұнын анықтау	оқулық, оқу құралы (оқу-көрнекілік құралы, оқу-әдістемелік құрал, жұмыс дәптері, хрестоматия, практикум /есептер жинағы)

Әдістемелік өнім әзірлеу үдерісінде педагогтер әрқайсы өз құрылымы мен контенті бар, әралуан түрлі/жанрлы әдістемелік өнімдерді ажырата білуі тиіс. Бұл - ПТ мен ПТ негізінде құрылған әдістемелік өнім түрін оңтайлы таңдау мүмкіндігін береді.

Әдістемелік өнім өзекті болуы тиіс-білім беру жағдайындағы өткір проблемаларды шешетін, мақсатты аудитория қажеттілігін өтейтін өнім болуы қажет.

Осы мақсаттарға жету үшін, әдістемелік өнім әзірлеу алгоритмдері сақталуы тиіс

Өзектілігі – педагогикалық қызметте көрініс табатын маңызды, сұранысқа ие, құнды, қолданыс аясы кең.

Әдістемелік өнімді басып шығару өзектілігі келесі функцияларды қамтиды:

- **репрезентативті**: әдістемелік өнім контентінің қиындықтармен және білімді дамыту қажеттіліктерімен байланысы. Бірақ, замануи білім тәжірибесіне қажеті жоқ проблемалар мен тақырыптарға күш жұмсау керек емес;

- **эвристикалық**: ПТ-нің педагогикалық білімдегі орнын анықтау. Осы функцияны іске асыру арқылы проблеманың өзектілігі анықталады, яғни, ежелден пайда болған педагогикалық ойтұжырым, сұрақтардың шешімін табуда қолдану үшін құнды.

Бұл проблема білім тарихының бүкіл кезеңінде де өзекті болды және оның шешімін табу-ғылыми педагогикалық білімді жетілдіруге әкеледі. Педагогикада және білім беруде барлық ғылыми проблемаларды толық шешу мүмкін емес – әр дәуірдің өзінің ерекше жағдайына байланысты.

Әдістемелік өнімде көрсетілген проблеманың ерекшелігін атап өту маңызды және осы уақытқа дейін неліктен зерттеушілердің назарынан тыс қалғанын түсіндіруге тырысу қажет.

Бұл – әдістемелік өнімнің жаңашылдығын ашуға мүмкіндік береді.

- **коммуникациялық**: 3 деңгейдегі өзектілікті айқындау:

а) **әлеуметтік-педагогикалық** – ескірген педагогикалық қарым-қатынастармен және білім саласындағы дамудың алдыңғықатарлы тенденциялары арасындағы қарама-қайшылықты анықтау;

б) **ғылыми-теоретикалық** – зерттеушілердің ұстанымындағы түрлі көзқарастар қарама-қайшылығын анықтау;

в) **ғылыми-әдістемелік** – әдістемелік өнімнің негізін, жетекші идеясын анықтау.

- **верификациялық**: тексеру және бақылау объектісін, деректермен, эксперименттермен салыстыру арқылы педагогикалық ахуалды эмпирикалық бекіту.

Әдістемелік өнім өзектілігінің анықталуы:

1) проблема шешімінің (әлеуметтік тапсырыс) қоғамдық сұраныс деңгейімен: қоғамдық сұраныс неғұрлым жоғары болса, соғұрлым проблема мен тақырып та өзекті;

2) мемлекеттік білім саясатының талаптарына сай;

3) білім беру жүйесінің жаһандануы (ортақ проблемаға айналуы)

4) туындағын проблеманы шешуге педагогикалық тәжірибе мен ғылымның дайындық деңгейі.

Егер теория дайын болмай, әлеумет талап етсе, педагог-практиктер өздері шешу жолдарын іздейді. Әдістемелік өнімнің өзектілігін негіздегенде, түрлі ғалымдардың, ғылыми мектептердің және бағыттардың нақты үлесін атап өту қажет – әсіресе, қазақстандық – проблема әзірлемесіне, сонымен қатар, мәселені қарастырғанда, кездесетін «ақтандақтарды» да көрсету қажет.

Әдістемелік өнімнің өзектілігін айқындайтын негізгі алты талап (компонент):

- қазіргі қажеттілік, өткірлік, проблеманы шешуде туындаған қажеттілік;

- теория мен тәжірибедегі маңыздылығы;

- перспективтілігі (келешектегі маңыздылығы мен өзектілігі);

- проблемалығы (шешімдердің айқындалмауы, теориядан іздеу қажеттілігі, тәжірибедегі қиындықтарды еңсеру);

- адам мен қоғам дамуының заманауи концепцияларына сай келуі;

- автордың мүддесі мен тәжірибесі (жеке еңсерген қиындықтар, ортақтастық).

Әдістемелік өнімнің өзектілігі туралы, біріншіден, атауы және титул парағының ішкі бетінде орналасқан аңдатпа хабардар етеді.

Аңдатпа – өнімнің мазмұны, мақсаты және қысқаша мазмұны.

Аңдатпаның жалпы құрылымы:

1. Баспада не туралы жазылған, оның мақсаты.

2. Кімге арналған.

Тілдік стереотиптерді қолданамыз:

1. Әдістемелік құралда қарастырылады...

Әдістемелік ұсыныстарда көрсетілген...

Жинақта беріледі ...

Есептер жинағына енгізілген ...

Осы баспаның мақсаты...

2. Әдістемелік құрал арналған (ұсынылады)...

Жинақ ... арналған.

Аңдатпа үлгісі. Оқу-әдістемелік құрал, Вагапова Д.Х., Мурзалинова А.Ж. «Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретіндегі риторика аспектісінде тіл жанрларына оқыту» (Алматы: Білім, 2003. – 132б.)

Оқу-әдістемелік құралда бастаушы авторға өзінің қайталанбас шығармаларын құруға көмектесетін – сендіру, дәлелдеу және ықпал ететін риторикалық минимум көрініс тапқан.

Риторикалық минимум мәтінді құрастыру кезеңдерін есепке алатын іс-әрекеттер түрінде берілген.

Әр іс-әрекет күнделікті қарым-қатынастағы функционалдық сауаттылықты көрсетуге қажет дағдыларды өңдейтін және қалыптастыратын ойындар мен жаттығулар кезінде өзгеріске ұшырайды.

Құрал жалпы білім беретін мектептер мен жаңа тұрпатты мектептердің тілді тартымды ету жолында тіл дамытып жүрген, келешекте іскерлік және жоғары тілдік мәртебе туралы армандайтын жоғары сынып оқушыларына арналған.

Құрал материалдарын орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері оқушылардың түрліжанрлық мәтіндерді құрастыру – тіл дамыту жұмыстарын жүргізу үшін қолдана алады.

Авторлық әзірleme дайындауда педагог басшылыққа алатын әдістемелік **өнімді әзірлеудің жалпы алгоритмдері**. Орындайтын кезеңдер кешені:

1) нақты кезеңге білім жүйесіндегі жағдай туралы ақпаратты жинау, талдау жасау және шешуші мәселені анықтау;

2) әдістемелік өнім мазмұнын анықтайтын өзекті тақырыпты(проблема) таңдау,

3) мәселені шешудің тәжірибелік және теориялық аспектілерін меңгеру, осы мәселе бойынша бар тәжірибені талдау;

4) әдістемелік өнімді құру мақсатын анықтау;

5) әдістемелік өнімнің нақты адресатқа және нақты оқырман категориясына бағытталғанын ескере отырып, нысаналы аудиториясын анықтау;

6) қарастырылған проблема ерекшелігін және әдістемелік білімді беру әдісін ескере отыра, әдістемелік өнім түрін анықтау;

7) әдістемелік өнім контентін (мазмұнын) және тақырыпқа сай жұмыс атауын қалыптастыру.

8) материал мазмұнының ашық жоспарын жасау;

9) әдістемелік өнімді әзірлеу үшін ақпараттық- анықтамалық базаны анықтау және таңдалған тақырып бойынша практикалық материал жинау (нормативті-құқықтық, ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиет, кезеңдік баспа материалдары, электрондық ресурстар), иллюстрациялық материал.

10) жиналған материалды жүйелеу, өңдеу және зерттелетін проблеманы шешу бойынша авторлық ұсыныстарды баяндау;

11) материалды жоспар негізінде және таңдалған әдістемелік өнім құрылымы бойынша тарауларға бөлу;

12) баяндалған материалдың ғылыми стильдерінің бірін таңдап, терминологиялық аппаратының біркелкілігін қамтамасыз ете отыра, өнімнің барлық мәтінін жазуда басшылыққа алу.

13) жұмыс мәтінін жазу, иллюстрацияларды орналастыру немесе компьютерде мәтінді теру, графикалық материалды орналастыру және техникалық талаптарға сай форматтау;

14) логикалық шешімдерді, ой елегін талдау;

15) мәтін жазу сауаттылығын тексеру (орфография, пунктуация, стилистика);

16) әдістемелік өнімді ғылыми кеңесшіге, редакторға немесе рецензентке рецензиялауға беру;

- 17) ғылыми кеңесші, редактор немесе рецензент ескерту берсе, өнімді қайта өңдеу;
- 18) әдістемелік өнімді нысаналы аудиторияға сәйкес тұтынушыларға ұсыну, пікір алу;
- 19) қажет болған жағдайда, тұтынушылардың пікіріне сәйкес, өнімді қайта өңдеу;
- 20) әдістемелік өнімді баспаға жіберу. Әзірлік кезінде авторлық құқық туралы Заңда көрсетілген авторлық құқық және қосалқы құқық немесе ҚР заңнамаларына сәйкес, авторлық құқықты сақтау.

Басқа автордың материалын қолданғанда, негізгі дереккөздерге сілтеме беру қажет, **компиляцияны болдырмау**- басқа авторлардың өңдеусіз, бұрын жарияланған және өз ойпікірлік өнімі.

Компиляция әдісін ақпараттық мазмұндағы әдістемелік өнім құрастырғанда қолдануға болады, мысалы, нормативті-құқықтық өкжаттар жинағында. Сонымен қатар, жауапкершілік туралы мәліметтерді көрсетуге назар аудару қажет.

1) егер авторлық өңделген материал жалпы көлемнен 1/3 болса (анықтамалық, бюллетень), өнім авторы **құрастырушы** болады;

2) егер авторлық өңделген материал жалпы көлемнен 2/3 болса, маман **автор-құрастырушы** болады;

3) егер әдістемелік өнім тек автордың материалынан құралса, онда маман **автор** болып саналады [9, 49].

Тағы нақтылаймыз:

- **автор (авторлық ұжым)** – педагог (педагогтер бірлестігі), жаңа әдістемелік өнім құрастырған(құрастырғандар), әдістемелік өнімде тәжірибелік маңызы бар педагогикалық проблеманы шешу негізі көрсетілген және бұл шешім білім сапасына әсер етеді.

- **құрастырушы(құрастырушылар)** – педагог (педагогтер бірлестігі), өнімді баспа/бір немесе бірнеше автордың қолжазба материалдарын өңдеп, құрастырған

Әдістемелік өнімнің түрлі мазмұнын қарастырып, «автор» мәртебесін нақтылауды аяқтаймыз:

- *адаптивтік* – оқу үдерісіне икемделуге байланысты/оқыту/дамыту/ өзгермелі өмір жағдайына тәрбиелеу/ білім кеңістігіне/ білім ортасына;

- *комбинаторлық* – ұсынылған әдістемелік мазмұн (әдістемелік жүйе) жаңа технологиялар, модельдер мен жаңа қадамдарға сүйеніп жасалған;

- *радикалды* – мазмұны жаңашылдық қағидатына негізделген.

Автор (авторлық ұжым) – бейімделу/комбинаторлық/ радикалды радикалды зерттеушілік қызмет негізінде жаңа әдістемелік өнім әзірлеген педагог (педагогтер бірлестігі).

Кез келген жағдайда білім кеңістігінде әдістемелік өнімді енгізуде не өзгереді және қай бағытта, қалай өзгеретінін диагностикалау.

Міндетті түрде, зерттеушілік этиканы (педагог мәртебесі) сақтай отыра, өнімді әзірлеу кезінде қандай ғалымдардың/практиктердің материалдарын және қандай көлемде қолданғандарыңыз жөнінде мәлімет беру қажет.

Қазіргі әлемде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістер жағдайында, үнемі ізденісте, ойлауда болу- педагог қауымының қалыпты өмір жағдайы ғана емес, осы ортадағы өз орнын табуы/дамуы, «авторлық мектеп» ұғымына назар аударамыз.

Авторлық мектептер – білім беру мекемесі дамуының ғылымилығын, өзектілігін және ондағы алға жылжу бағытының тәжірибелік маңызын анықтаудың жоғары сатысы.

Әр басшыға белгілі, мектептің әлеуметтік мәртебесі педагогтердің бірегейлігі мен нәтижесін көрсететін зерттеушілік ізденістері мен ғылыми-әдістемелік әдістемелік өнімді имидждік ресімдеу және сол өнімді қоғамға ұсынуда қалыптасады.

Мәртебесі жоғары мектептерде даму саясаты жалпы философиясымен бірлескен, даму саясаты оқушыларға бағытталған және «ой мектебінен» табиғи жаратылыс мектебіне бет бұру нәтижесінде өз даму жолын іздеуде әдістемелік өнімдердің атқаратын рөлі өте зор [10, 50].

Авторлық мектептер– СҚО білім беру экожүйесіндегі біліммен қамтамасыз етуші бола алады:

– *инструменталдық* – әдістемелік өнім арқылы мектепке жаңа технологиялар, идеялар, модельдер және жаңашылдықтарды енгізеді;

– *культурологиялық* – әдістемелік өнімде ұсынылатын дамудың авторлық моделіне, білім философиясына, дамудың нақты концепцияларына сүйенеді.

Түбегейлі өзгеру диалектикасы педагогтің әдістемелік өнім әзірлеудегі тәуекелдерін ескеруді талап етеді:

- жаңашыл идеялармен мода ретінде әуестену – оқушыларды академиялық жетістіктердегі

- негативтік зардаптарға әкеледі;

- ұсынылатын мазмұнды енгізуде келіспеушілік пен ойластырмау – логика мен жүйеліліктің және білім үдерісі кезеңінің бұзылуына әкеліп соғады;

- әдістемелік сапасы төмен мазмұн автордың кәсіби деңгейінің төмендігін көрсетеді және ғылыми емес тәжірибені таратуға әкелуі мүмкін:

- баспа мен әзірлемені құрастыруға жұмсалған күш-қуаттан педагогтің күйіп кетуі, негативті көңіл-күй педагог қызметінің тиімсіздігіне әкеліп сұғуы мүмкін.

Тәуекелдердің алдын-ала отыра, оларды компенсациялау амалдарын қарастыру қажет.

ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНІМНІҢ ӨЗЕКТІ ЖАНРЛАРЫНЫҢ КОНТЕНТІ НЕМЕСЕ ПЕДАГОГ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШЕҢБЕРІ

Таршеңберлі мамандық дәуірі келмесе кетті. Келешектің мінсіз қызметкері-барлық жаңашылдыққа тез бейімделетін... басқа, кей кездері қосалқы салалардың құзіреттілігіне ие шығармашыл тұлға [10, 11].

Педагогтің әдістемелік өнімді әзірлеу, ресімдеу және басып шығаруы –оның жоғары деңгейлі дағдылары мен функционалдық сауаттылығына байланысты.

Педагог мазмұнды өзі анықтағандықтан, ол өзінің әдістемелік, зерттеушілік, шығармашылық ізденісінде еркін әрекет етеді және түрлі жанрлар мазмұнына және құрылымына қойылатын бекітілген талаптарды ескереді.

Кәсіби-педагогикалық қоғамда өзекті кейбір жанрлардың құрылымдық –мазмұндық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

1. Ақпараттық-әдістемелік өнім жанрлары.

Бюллетень – лауазымдық ақпарат түрінде берілетін, білім мекемесіндегі жаңалықтар туралы үздіксіз жарияланатын қысқа ресми материал

Бюллетень мекемедегі және т.б. жердегі жаңашыл жұмыс түрлері, басылым жаңалықтары туралы педагогтерді жүйелі, жедел түрде хабардар ету мақсатында шығарылады.

Енгізілетін мәліметтер осы әдістемелік өнім түрінің айрықша белгісі, сондықтан оған автордың көзқарасын білдіретін материалдар енеді.

Жаршы –мерзімдік немесе жалғасы бар басылым, онда нормативтік-құқықтық актілер, әдістемелік және ақпараттық түрдегі ғылыми мақалалар жарияланады.

Газет –мерзімдік мәтіндік парақ түріндегі басылым, мазмұны:ресми материалдар, жедел ақпарат, білімнің өзекті мәселелері бойынша мақалалар, әдеби шығармалар, иллюстрациялар, фотосуреттер, жарнамалар.

Газет бетінде ақпараттық маңызды жаңалықтар, оқиғалық ақпараттар жарияланады.

Газет түріндегі әдістемелік өнімге аналитикалық шығармалар кіреді: очерк, суреттеме, памфлет; иллюстрациялар, фотосуреттер, педагогикалық қызмет жарнамасы.

Оқиғалық ақпарат интервью, репортаж, есеп беру жанрлары түрінде беріледі.

Газетті педагогтер мен тәрбиешілер кәсіби деңгейін өсіру, біліктіліктерін арттыру және тәрбие үдерісін дамыту бойынша тәжірибе алмасу үшін қолданады

Газетті дайындау кезеңдері: графикалық моделін әзірлеу, нөмір макетін жасау, ресімдеу (беттеу).

Ақпараттық-әдістемелік көрме – әдістемелік материал (соның ішінде жұмыс тәжірибесі) әдістемелік материалдар немесе әдістемелік әдебиетті имидждеу және таныстыру мақсатында ұйымдастырылады.

Бұдан басқа, ақпараттық- әдістемелік көрме қосымша білім беру ұйымдарының баспа тәжірибесін көрсету, дарынды, шығармашыл педагогтерді анықтау және қосымша білім беру мен тәрбиелеуде технологиялар мен әдістемелердің мазмұнын жаңарту бойынша педагогикалық идеяларды анықтауға мүмкіндік береді.

Көрме нақты тақырыпқа арналуы мүмкін («Біздің бағытымыз», «Салтанатты мерекеге дайындаламыз» және т.б.), педагог немесе ұжымның жұмыс тәжірибесі туралы, педагогикалық әдебиет және ғылыми-әдістемелік жаңалақтармен таныстырады.

Ақпараттық – әдістемелік көрме түрлері:

- 1) стационарлық, ұзақ мерзімдік («Үйірме жетекшісіне көмеке»);
- 2) уақытша, мереке қарсаңында қолданылатын, немесе нәтижелік (есеп беру көрмесі);
- 3) жылжымалы, қорды басқа мекемелерге шығаруға болады.

Ақпараттық-әдістемелік көрме каталогы - тиімді ПТ көрсететін каталог. Нақты тақырыпқа арналады және соған сай материалдар қойылады.

Ақпараттық-әдістемелік көрме каталогы құрылымы: тақырыпты, мақсатты ашатын басы, адресат, көрме тараулары (атауы, басы, эпиграф), әдебиеттер аннотациясы.

Парақша – көлемі 4 беттен тұратын, мерзімдік емес мәтіндік басылым

Парақ – көлемі 4 беттен аспайтын, мерзімдік емес мәтіндік басылым. Мазмұны: қоғамдық-саяси, ғылыми, өндірістік ақпарат.

Әдістемелік мазмұны- атқарылған іс-шара, көрген тәжірибе немесе оны қалай өткізуге болатындығы туралы. Баяндау бірінші жақтан жүреді, эмоциялар мен пікірлер бар.

Қойылатын талаптар – оқиғаны, іс-әрекетті егжей-тегжейлі баяндау және түсіндіру.

Әдістемелік-ақпараттық анықтағыш – педагогтер мен қоғамдастық арасындағы жұмыстың мазмұны мен оны ұйымдастыру бойынша өзекті мәселелерге сұрақтар мен жауаптар жинағы.

Әдістемелік комментарийлер – егер негізгі тезистен кейін оқиғаның жағымды, жағымсыз тұстарына комментарийлер берілсе, ұсыныстар талдау мазмұнының бөлігі болуы мүмкін.

Педагогикалық тәжірибе мазмұны:

- 1) тәжірибе атауы, автор немесе авторлар тобын көрсету, білім мекемесі, мекенжай;
- 2) тәжірибе өзектілігін негіздеу және оқу-тәрбие үдерісін жақсартудағы рөлін көрсету, жаңашылдық деңгейі бойынша тәжірибе түрі (жаңашылдық, рационализаторлық және т.б.)
- 3) тәжірибенің теориялық базасы (тәжірибе өзегі), технологиясы (нақты әрекеттер жүйесі, формасы, жұмыстың амалдары мен әдістері);
- 4) тәжірибеден туындайтын жетекші педагогикалық идея;
- 5) нәтижелілік;
- 6) тәжірибені жалпылау мүмкіндігі.

Портфолио – қандай да бір қызметте қол жеткізген жетістіктер немесе қызмет тәжірибесін мазмұндайтын материалдар мен құжаттардың жиынтығы [11, 235].

Жарияланымдар – қандай да бір ақпаратты жария ететін баспа өнімі.

Жарияланым мәтіндерден тұратын, бекітілген тиражы мен редакторы бар, электрондық тасығышта немесе қағаз бетіндегі баспадан шыққан өнім.

Жарияланым түрлері: монографиялар, шолулар, мақалалар, рецензиялар, биографиялық және басқа жазбалар (очерктер), қысқа хабарламалар, авторефераттар, баяндамалардың тезистері және жарияланым түрінде таратылатын хабарламалар.

Ұсынылатын библиографиялық тізім (сілтеме) – оқырманға қандай да бір саладағы білімін кеңейтуге және тақырыпты тереңдете оқу үшін әдебиет таңдауда көмек береді,

Реферативті басылым (журнал, жинақ)- мерзімдік басылым, онда негізінен рефераттар жарияланады және құжаттардың библиографиялық тізілімі мен аңдатпалар жариялануы мүмкін.

Реферативтік журнал – қосымша білім беру мамандарын әдістемелік әдебиеттердің жаңа басылымдарымен таныстыра алады.

Реферат – мазмұндау түріндегі жұмыстардың ең көлемдісі. Бұл- жазбаша түрдегі бір немесе бірнеше кітаптың, мақаланың, ғылыми жұмыстардың мазмұны, дереккөздердің сыни шолуы, нақты тақырып бойынша өздік жұмыстың нәтижесі.

Қосалқы реферат – екі немесе одан көп құжат негізінде жазылған. Реферат қарастырылатын мәселе бойынша автордың көзқарасын білдіреді және жинақталған тәжірибені көрсетеді. Рефератта үйрету аңдатпасы жоқ, ол тек қолдағы материалды баяндайды.

Жалпы, реферат мазмұны ұсынымдар мен ақпараттардан тұрады, өзекті тақырыптарға назар аударады. Мазмұндық-ақпараттық стиль ғылым немесе тәжірибенің бір саласының даму тарихын мазмұндау мақсатында қолданады, нәтижесінде білікті оқырман өзіне керек ақпаратты өзі таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Кеңес беру түріндегі мазмұн тар тақырыпты рефератқа тән. Материалды таңдау және оны өңдеу бағыты аса құнды және маңызды материалды танымал етуге бағытталған, яғни, бұл жағдайда реферат тиімді тәжірибені имидждеу құралы.

Реферат жазудың үлгілік сызбасының тараулары:

- 1) атауы, автор, жұмыс орны, лауазымы;
- 2) ашық жоспар;
- 3) тақырып мазмұны.

Реферат жазудағы тақырыптың бөлімдері:

1) *кіріспе* – тақырыптың қысқаша талдауы, өзектілігін ашады, пән мазмұны, алдағы зерттеудің мақсаты мен міндеті, зерттеу технологиясы мен әдісі баяндалады, зерттеудің ақпараттық-анықтамалық базасы.

2) *теориялық бөлімі* – мәселе бойынша тұжырымдамалық талдау, алғашқы дереккөздер талдауы, мәселенің одан әрі терең зерттеуін қажет ететін теориялық негіздерін, жаңа аспектілерін ашады.

3) *практикалық бөлімі* – авторлық әзірлемелер, өздік зерттеу жұмыстарының, педагогикалық технологиялардың және т.б. жағымды, жағымсыз жақтарын көрсету. Бұл бөлім көлемді және бірнеше тараушалардан тұрады.

4) *қорытынды* – жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша негізгі қорытынды.

5) *библиография*;

6) *қосымша* (зерттеулер бойынша қолданбалы әдістемелік өнім).

Реферат мазмұны мен ресімделуінің бірқатар маңызды ерекшеліктері бар, өнім әзірлеуде осы талаптарды сақтаңыздыр:

1) шартты белгілер мен қысқартулар жасауға болмайды;

2) дереккөздер санына байланысты реферат монографиялық және шолу түрінде болады;

3) ұжымдық қолданыс үшін құрастырылады;

4) тілдік клише қолдануға болады («реферат... тақырыбындағы өзекті мәселеге арналған», «автор басты мәселе ретінде ... ұсынады», «соңғы жылдары... тақырыбы аса маңызды, өзекті», «реферат негізінде... зерттеу материалдары енгізілген», «автор көзқарасының кемшіліктерін атап өтсек...», «әдебиеттерді талдау бізге аса маңызды, негізгі көзқарасын анықтау мүмкіндігін берді...», «жалпылама талдау негізінде келесі қорытындыға келдім...», «нәтижесінде анықталғаны ...»).

Рецензия – сыни шығарма, баспадан шыққан немесе авторлық түпнұсқаның аргументтелген бағалауы және талдауы.

Сөздік – анықтамалық басылым, тәртіппен орналастырылған сөздер, сөз тіркестері, терминдер, есімдер және басқа тілдік бірліктерден тұрады. Қосымша білім беру мекемелеріндегі қызметте қолданылады және сөздіктерге жататын анықтамалық материалдармен қамтамасыз етілген өнім.

2. Ұйымдастыру-әдістемелік өнім жанрлары

Нұсқаулық-әдістемелік хат жоғарыдағы ұйымның нормативтік құжатынан туындайтын нұсқаулар мен түсіндірмелерді қамтиды. Нұсқаулық- әдістемелік хат жоғары тұрған органдардың шешімдерін орындау бойынша педагогтің немесе ұжымның функциялары мен қызметінің шеңберін айқындайды, нормативтік құжаттардың, ережелердің, бұйрықтардың мазмұнын неғұрлым толық ашады, бірақ жеке әдістемелер мен ұсынымдарды түсіндірмейді. Әдетте, нұсқаулық- әдістемелік хатты жоғары тұрған ұйымдар тарапынан жасалады және қызметкерлердің бір немесе бірнеше санатына бағытталады.

Нұсқаулық-әдістемелік хаттың шамамен құрылымы:

1) атауы, адресаты;

2) осы мәселені түсіндіру қажеттілігі қысқаша негізделетін кіріспе бөлім (бастапқы нормативтік құжаттар, қалыптасқан жағдайды талдау, қорытындылар келтіріледі);

3) нұсқаманы баяндау (жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, оның мазмұны, тікелей орындаушылардың міндеттері, олардың өкілеттіктері, көмекшілері, орындау мерзімдері); мұнда жекелеген әдістемелік аспектілерді қамтуға болады (тапсырманы орындауға бағытталған жұмыс жоспары-алгоритмі, орындауға ұсынылған жұмыстар тізімі және т.б.);

4) осы нұсқаулық-әдістемелік хатты орындауға бағытталған қорытынды бөлім;

5) автор.

Нұсқаулық: анықтама нұсқалары:

1. Білім беру мекемесінің басшысы, әдіскер өз құзіреті шегінде жоғары тұрған ұйымдардың актілері мен бұйрықтары негізінде шығаратын нормативтік акт;
2. Білім беру мекемесінің қызметін реттейтін ережелер жинағы;
3. Қадамдық әрекеттер тізбегі, операциялар. Ол кез келген органның дидактикалық ойындарының, құралдарының немесе функцияларының шарттарын сипаттау кезінде қолданылады.

Ойынға немесе дидактикалық нұсқаулыққа арналған нұсқаулық мыналарды қамтиды:

- 1) оқу құралының атауы;
- 2) кімге арналған;
- 3) не үшін арналған, тәрбиенің қандай міндеттерін шешуге көмектеседі;
- 4) неден тұрады;
- 5) бір уақытта қанша адам, топ пайдалана алады;
- 6) ойынның мәні неде;
- 7) оқу құралын пайдалану шарттары, ойын шарттары (қарапайым және күрделі нұсқалар);
- 8) оқу құралын, ойынды пайдалану тәртібі;
- 9) оқу құралын немесе ойынды кім әзірледі; 10) ойынды, оқу құралын пайдалану бойынша пайдалы кеңестер.

Нұсқаулық қысқаша, қарапайым сөйлемдермен, күрделі грамматикалық бұрылыстарсыз жазылады. Ойыншылардың әрекеттеріне мысалдар келтіруге болады.

Әдістемелік жазба қысқаша баяндалған келесі әдістемелік материалдарға (жоспарлар, графиктер, кестелер) түсініктеме береді. Жазба келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

- 1) осы әдістемелік жұмыс қандай міндеттерді шешуге ықпал етеді;
- 2) кімге жолданған;
- 3) қандай құжаттар, фактілер негізінде жұмыс жасалды;
- 4) материалды ұсыну жүйесі қандай.

Әдістемелік тақырып (проблема) - бұл белгілі бір мәселенің әдістемелік аспектілерін зерттеумен және дамытумен байланысты нақты бағыт, әдістемелік зерттеу пәні. Әдістемелік тақырыпты таңдау әдіскерлердің, мұғалімдердің жеке практикалық педагогикалық тәжірибесіне, білім беру процесінің қажеттіліктеріне, жұмыс ерекшеліктеріне байланысты.

Әдістемелік тақырып бойынша жұмыс кезеңдері:

- 1) тақырыпты таңдау және негіздеу, мақсаттар мен міндеттерді анықтау, жоспар құру;
- 2) тақырып бойынша жұмыс формалары мен әдістерін таңдау;
- 3) тақырып бойынша теориялық және практикалық материалдарды жинақтау, жүйелеу және талдау;
- 4) материалды эксперименттік пысықтау, тәжірибені құрастыру;
- 5) әдістемелік өнім шығару;
- 6) жинақталғанның мәнін және оны қолдану аясын айқындау.

Әдістемелік әзірleme - оқу сабағын, іс-шараны өткізудің қисынды құрылымдалған және егжей-тегжейлі барысы. Көбінесе әдістемелік әзірлеу жекелеген бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсыныстарды, әдістемелік кеңестерді, сценарийлерді, сөз сөйлеу жоспарларын, көрмелерді және т.б. қамтитын кешенді нысан ретінде сипатталады.

Әдістемелік әзірлеменің шамамен құрылымы:

- 1) әзірлеменің атауы;
- 2) іс-шараның атауы мен формасы;
- 3) түсіндірме жазба, онда: өткізілетін іс-шараның міндеттері, ұсынылатын әдіс, іс-шара ұсынылатын балалардың жасы, оны өткізу үшін жағдайлар көрсетіледі;
- 4) жабдықтар, ресімдеу (техникалық құралдар, мәтін нұсқалары, музыкалық сүйемелдеу);
- 5) дайындық кезеңіне арналған әдістемелік кеңестер (тапсырмаларды бөлу, дайындық кеңестерінің, штабтардың жұмысы);
Мұғалімдермен оқу- әдістемелік және ғылыми-әдістемелік өзара әрекеттесу тәжірибеміз олардың қиындықтарды бастан кешіретінін және өздерінің әдістемелік өнімдерін әзірлеу қажет екенін растайды.

Қажеттіліктер ауқымы төмендегілерге байланысты:

- 1) ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің нәтижелерін жобалауда мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзіреттілігін дамыту;
- 2) мұғалімді аттестациялауға арналған авторлық әдістемелік өнімді ұсыну;
- 3) өзіндік оқу тәжірибесін жүйелеу;
- 4) оқу тәжірибесінің мәселелерін шешудің тиімді тәжірибесін жалпылау;
- 5) белсенді педагогтың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы;
- 6) әдістемелік мәселе бағытында білім беру ұйымының жұмысын жалпылау бойынша ұжымдық шығармашылық іс-әрекет және т.б.

Қиындықтар ауқымы көптеген мұғалімдер арасында авторлық әдістемелік өнімдерді әзірлеу/құрастырудың жүйелі тәжірибесінің жоқтығынан, сондай-ақ педагогикалық қоғамдастықта жаңашылдықты, ғылыми-зерттеуді және ғылыми-зерттеу жұмыстарын насихаттауға арналған әдістемелік әдебиет жанрларының рөлі мен мақсатына байланысты құтулардың өзгеруіне, реформаға байланысты.

Педагогтардың әдістемелік өнімдерін әзірлеу, құрастыру және ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулар педагогтардың білім, білік және дағдыларының қалыптасқан тапшылығын толтыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсыныстардан басқа, біз «Тиімді әдістемелік құралдың авторы бол» («Өрлеу» АҚ «СҚО бойынша ИМР» филиалы) 24 сағаттық семинарды ұсынамыз.

Семинардың мақсаты – өзіндік (авторлық) педагогикалық тәжірибе материалдары негізінде әдістемелік құрал әзірлеу технологиясын меңгеру.

Семинар міндеттері:

- 1) өзектілік, теориялық құндылық және практикалық маңыздылық, зерттеушілік адалдық, педагогикалық тәжірибені көрсету қағидаттарын іске асыру үшін әдістемелік құралдың мазмұнын таңдау;
- 2) өзінің (автордың) педагогикалық тәжірибесінің зерттелетін аспектілерін нақты, толық және көрнекі түрде көрсетуге арналған әдістемелік құрал құрылымының логикасын анықтау;
- 3) өзіндік (авторлық) педагогикалық тәжірибеде трансформация аспектісінде бастапқы теориялық ережелерді ресімдеу;
- 4) өзінің оқыту/білім беру/дамытудың тұжырымдамалық ережелерін практикалық және қолданбалы көрсету үшін әдістер мен нысандарды қолдану;
- 5) олардың сапасын сараптау аспектісінде басқа адамдардың және өздерінің әдістемелік ұстанымдарын талдау.

Семинар тақырыбы.

Әдістемелік құралдың мазмұнын оның жанрлық ерекшеліктері мен зерттеу жұмысының нәтижелеріне сәйкес таңдау.

Әдістемелік құрал мәтінінің атауы мен аннотациясы күшті позициялар ретінде

Мазмұнды құрылымдау логикасы

Глоссарий әдістемелік құралдың мазмұны ретінде

Кіріспе және қорытындыны әзірлеу технологиясы

Әдістемелік құралға теория мен практиканы интеграциялау принциптері

Әдістемелік құралдың практикалық маңыздылығын іске асыру тәсілдері

Әдістемелік құралды сараптау: критерийлер мен дескрипторлар.

Сондай-ақ, облыс педагогтеріне БСӘЖЖАТО әзірлеген «**Әдістемелік өнімді әзірлеу технологиясы**» қарқынды экспресс-курсының вебинарлары қолжетімді.

Экспресс-курс автовебинарлар сериясынан тұрады, онда әдістемелік өнімді әзірлеу, құрастыру және ресімдеу алгоритмімен танысуға болады. Автовебинарлар қазақ және орыс

тілдерінде БСӘЖЖАТО YouTube арналарында жарияланады. Вебинарларды өткізуге білім және ғылым саласындағы жоғары білікті мамандар тартылады.

Сонымен, бастапқы вебинар мұғалімдердің рефлексивті тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған, әдістемелік әдебиеттің түрлері мен жанрларымен танысуды ұсынады, педагогикалық қызметтің жасалған өнімдерін бағалаудың мақсаты мен өлшемдерін анықтауға көмектеседі. Вебинарлар авторлық өнімді әзірлеумен байланысты өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, жұмыс жоспарын құруға, ғылыми принциптерді сақтай отырып, өздерінің әдістемелік нәтижелерін таңдауға, жүйелеуге және рәсімдеуге көмектеседі. Вебинарларға қатысушылар өз жұмысының құндылығын педагогикалық ортадағы практикалық маңыздылық пен сұраныс призмасы арқылы анықтауға, жаңа тәсілдерді табуға және авторлық материалдарды жасау арқылы инновациялық шешімдерді ұсынуға үйренеді.

Педагогтардың әдістемелік өнімдерді әзірлеу, құрастыру және ресімдеу бойынша Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны келесі тұжырымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

1. Мұғалімнің өзінің әдістемелік өнімі бойынша жұмысы оның кәсіби-педагогикалық бейінін кеңейтуге, оның құзыреттілігін дамытуға, ғылыми рефлексия тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді.

2. Әдістемелік өнімнің өзектілігі, мазмұны және практикалық құндылығы көбінесе білім беру практикасының рефлексиясын көрсететін материалдар мен зерттеу нәтижелерімен анықталады.

3. Әдістемелік өнімдер қайталама сипатта болады, бұл мұғалімде бар бастапқы материалдарды: қысқа мерзімді жоспарлауды, талдауға арналған мәтіндерді, бағалау материалдарын, практикалық тапсырмаларды және т. б. айтарлықтай ғылыми және практикалық өңдеуді қамтиды.

4. Қазақстан педагогінің мәртебесі әдістемелік өніммен жұмыс жасауда академиялық / зерттеушілік адалдық қағидаттарын бұзуға мүмкіндік бермейді.

5. Әдістемелік өнімді сараптау оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Педагогтардың әдістемелік өнімдерді әзірлеу, құрастыру және ресімдеу мазмұны бойынша **ұсынамыз:**

- 1) әлеуетті авторлар мен сарапшыларға баспа / сараптама қызметінің мәдениетін ұстануға;
- 2) пәндік-әдістемелік бірлестіктерге оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижесі / өнімі ретінде әдістемелік әдебиеттің әртүрлі жанрларын басып шығаруды жоспарлау;
- 3) білім беру мекемелерінің басшылары педагогикалық қоғамдастықпен келісілген және педагог кадрлардың қолда бар әлеуетін ескеретін басылымдардың тақырыптық жоспарларын жасауға міндетті;
- 4) білім беру мекемелерінің басшыларына педагогтерді өздерінің әдістемелік өнімдерін шығаруға, оның ішінде фокус-топтардың, проблемалық-тақырыптық топтардың, Lesson study және Action research тәсілдерін іске асыратын топтардың құрылымындағы бірлескен жұмыс нәтижелері бойынша ынталандыруға;
- 5) аудандық / қалалық білім бөлімдеріне инновацияларды, зерттеулерді, реформаларды ілгерілетудің нәтижелілігін куәландыратын авторлық ұжымдарды құру мен олардың жұмысын қолдауға міндетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Паси Салберг. Фин сабақтары. Финляндиядағы мектептегі білім беру реформаларының сәттілік тарихы. М., 2015 <http://www.varma.narod.ru/salberg.htm>
2. Қазақстан Республикасында әдістемелік қызметті дамыту мәселелері / г. Б. Ахметова / үздіксіз білім беру: халықаралық форум материалдары 2019 жылғы 22 қараша-Т. 2. - 219 б.
3. «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>
4. «Білім және ғылым». Энциклопедиялық сөздік / Бас редактор Ж. Қ. Түймебаев. - Алматы, 2008. – 448с.
5. Күрделі қоғам үшін білім. Global Education Futures баяндамасы авторлары: Павел Лукша, Джошуа Кубиста, Александр Ласло, Мила Попович, Иван Ниненко, сондай-ақ 2014-2017 жылдардағы Global Education Futures сессияларының қатысушылары. Асмолова. М., 2018
6. Авторлық бағдарламалар мен педагогикалық әзірлемелерді жазу бойынша әдістемелік ұсыныстар. Краснокамск: әдістемелік орталық, 2008 ж <https://pandia.ru/text/79/010/89367.php>
7. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533https бұйрығы: / //line. zakon. KZ / Document/? doc_id=33763113
8. Педагогтердің зерттеу қызметі контекстіндегі Қазақстандағы білім беру саясатының трендтері. Тоқтарбекова ж. Н. / "Chronos" Психология және педагогика, №3 (26), 2021. – 27-33.
9. Педагогтің тиімді әдістемелік жұмысы білім беру мекемесінің инновациясының көрсеткіштерінің бірі ретінде // Орта кәсіптік білім беру. 2015. №1. - Б.49-51.
10. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білімнің жаһандық сын-қатерлеріне жергілікті жауаптар. Монография / Аида Сағынтаева, Айжан Мусина, Әлия Сүлейменова, Руслан Қаратабанов, Қайрат Құрақбаев, Дункан Пристли, – Нұр-сұлтан: Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б.
11. Педагогтің кәсіби дамуы қазіргі жағдайдағы үздіксіз білім беру факторларының бірі ретінде / Сакауова, У. Ж., Демидова, Л.в., Морковник, Н. В., Поколодина, К. С. / «Білім беру жүйесіне қазіргі заманғы сын-қатерлер контекстіндегі Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беруі». II бөлім. Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 19 ақпан 2021 жыл. – Б. 232-236.
12. Шығармашылық- инновациялық педагогикалық қызметтің негізі ретінде. Просандеева И. А., Стукаленко Н.М. // кәсіптік білім беруді инновациялық дамыту. 2022. №2 (34). – Б. 84-90.
13. Интерактивті ойын технологияларын қолдану-білім алушының сабаққа деген ынтасын арттыру тәсілі / Кусайнова Ж.А. / «АРХИВАРИУС» ғылыми журналы. Том 7. №2(65), 2022. - 7-12 Б.
14. Болашақ педагогтердің жобалық қабілеттерін жетілдіру / А. К. Қойшыбекова, С. М. Сеитова / Ресей Ғылым академиясының 300 жылдығына арналған халықаралық форум материалдары. 2-бөлім, Екатеринбург, 2023. – 483-493 бб.
15. Пассечникова Т. В. әдістемелік өнімді әзірлеу. Құрылымы мен дизайнына қойылатын негізгі талаптар: әдістемелік ұсыныстар – Самара: ПБО, 2013. – 36 б.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рыжова Л. Ф. Әдістемелік өнім. Ақпараттық-әдістемелік сөздік – анықтамалық Санкт-Петербург.: ББС "Вознесенский көпіріндегі" балалар (жасөспірімдер) шығармашылық сарайы, 2014 ж.
2. Әдістемелік өнімнің жіктелуі мен түрлері: сөздік-анықтамалық / құраст. Е. Г. Пластун, Г. В. Пустыльников, О. Н. Пахомова. – Орынбор: OODTDM, 2016. – 24 б.
3. Коджаспирова Г. М. педагогикалық сөздік: жоғары және орта. пед. оқу мекемелері студенттері үшін / Г. М. Коджаспирова, А. Ю. Коджаспиров. - 2-ші басылым., -

М.: «Академия» баспа орталығы, 2005. – 176 б.

4. Панина, Т. С. Кәсіптік білім беру мекемелерінің әдістемелік қызметтерінің қызметін жаңғырту: әдістемелік құрал / Т. С. Панина, Л. Н. Вавилова. - Кемерово: МББ" КРИПО", 2009. - 408 б.

ПІКІР ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

(ішкі және сыртқы)

Пікір (қарау, шолу, кері байланыс) – жаңа көркем немесе ғылыми жұмысты, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты, ғылыми жобаларды, оқу, ғылыми-әдістемелік эзирлемелерді, білім беру ұйымдарының материалдарын және т.б. сараптама, сыни талдау, талдау, бағалау. Оларды бекіту, қорғау, жариялау, апробациялау, жалпылауға және т.б. дейінгі жұмыс.

Пікірде кеңейтілген түрде және нақты келесі тармақтарды қамту керек:

1. Өзектілігі мен перспективтілігі.

Әдістемелік өнім ерекшеліктерінің жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысы. Оның қажеттілігі, заман талабына сай болуы. Тәжірибенің өзектілігі мен перспективтілігінің негіздемесі екі негізгі ұстанымнан туындауы керек:

- бұл тәжірибе оқу-тәрбие жұмысының тәжірибесін одан әрі жетілдіру үшін қойылған тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал етеді;

- бұқаралық тәжірибеде кездесетін қайшылықтар мен қиындықтар осы тәжірибе арқылы сәтті шешіледі. Мұғалімнің тәжірибесі шешуге бағытталған қайшылықтарды ашу тәжірибенің мағынасын, ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын тереңірек түсінуге және қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға көмектеседі.

2. Ғылыми негізділік. Педагогика мен әдістеменің заманауи жетістіктеріне сәйкестігі.

Ұсынылған материалды қазіргі педагогикалық білім тұрғысынан талдау (қаралатын мәселені жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін ресми дереккөздердің тиісті статикалық/талдау деректерін тәжірибеде міндетті түрде пайдалану).

ӘӨ (әдістемелік өнім) бағыты:

а) оқушылардың тек ББД (білім, білік, дағды) қалыптастыру емес, жеке тұлғасын дамыту және тәрбиелеу;

б) балалардың психофизиологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау;

в) білім беру үрдісінің экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық, психологиялық бағытын қамтамасыз ету;

г) білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық тәсілдерге сәйкес келуін қамтамасыз ету және т. б.;

д) ғылыми сипаттағы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету (мәселенің, ғылыми болжамның, мәселенің болжамды шешімін табуы, ғылыми негізделген зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижелерін зерттеуге дейін алынған мәліметтермен салыстыру)

3. ӘӨ-нің ғылыми-әдістемелік деңгейі:

а) модификация: модернизация, жоғалған, бірақ бұрыннан белгілі техниканы, әдістемені, технологияны, эзирлемелерді, жүйені және т.б. қалпына келтіру;

б) комбинаторлық: жаңа сапаға жетелейтін белгілі элементтердің әртүрлі комбинацияларда бірігуі;

в) радикалды: бұған дейін белгісіз, танылмаған, түбегейлі жаңа, жаңашыл өнертабыс.

4. ӘӨ-нің жаңашылдық дәрежесі:

Білім беру жүйесінде аналогтардың болуы немесе болмауы:

а) қала / аудан;

б) облыстар;

в) республика

г) шетелде.

Түрлендірулердің масштабы:

жеке – жергілікті, бір-бірімен байланысты емес;

модульдік – өзара байланысқан жеке кешен;

жүйелі – бүкіл мектепті қамтиды.

1. Тақырып бойынша әдістемелік өнімдердің тәжірибелік маңыздылығы, жоғары тиімділігі.

Балалардың жалпы және арнайы дамуындағы тәрбие және білім сапасының оң динамикасының көрінісі. Ұсынылған жұмыс нақты жағдайды жақсы жаққа өзгертуге қаншалықты мүмкіндік береді. Тәжірибеге енгізу үшін не ұсынылады.

2. Репрезентативтілігі

- Тәжірибені уақытында жеткілікті түрде тексеру;
- Бір мұғалімнің, тәрбиешінің жұмысында ғана емес, сонымен қатар тәжірибе алған барлық мұғалімдердің қызметінде де оң нәтижелерді растау;
- Бір мұғалімнің тәжірибесін басқалардың қайталау және шығармашылықпен пайдалану мүмкіндігі, тәжірибені көпшілікке кеңейту.

3. Таңдалған ӘӨ нысанының мақсаттылығы (оқу-әдістемелік кешен, авторлық бағдарлама, әдістемелік құрал, әдістемелік ресурстар жинағы және т.б.), ӘӨ апробациясының нәтижелерін ұсыну (апробациялау) әдісі (пікірлер, шығармашылық немесе рефлексивті есептер, мақалалар, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілетін ашық сабақтар, мониторинг, ұсыныстар, диаграммалар, кестелер, талдаулар және т.б.), әрбір нәтиженің, ғылыми ереженің, жұмыстың қорытындыларының негізділігі мен шынайылық дәрежесі.

4. Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер.

5. ӘӨ-ді жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсынымдар.

Рецензент:

Ұйымның атауы, лауазымы,

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____ Т.А.Ә.

қолы, күні

Пікір

«Оқушылардың репродуктивті денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдарға»

Өскелең ұрпақтың денсаулығын қорғау ұлттың тұрақты дамуын айқындайтын стратегиялық міндеттердің бірі ретінде мемлекет пен қоғамның назарының объектісі болып табылады. Жастардың денсаулығын сақтау міндетінің маңыздылығы біздің еліміздегі алкогольді, нашақорлықты, жасөспірімдер арасындағы ерте жыныстық қатынастарды және соған байланысты әртүрлі физиологиялық патологияларды теріс пайдаланумен байланысты асоциалды құбылыстардың көңіл көншітпейтін статистикасына байланысты.

Аталған мәселе жаңалық емес, оны шешуге тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде педагогтар, зерттеушілер, мемлекеттік органдар, жұртшылық көп күш жұмсауда. Мектепке білім алушыларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуде ерекше көңіл бөлінеді; оқу үдерісі шеңберінде іске асырылатын көптеген денсаулық сақтау технологиялары құрылды. Соған қарамастан, бүкіл әлемде адамдардың сырқаттану деңгейінің тұрақты өсуі өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау бағдарламалары мен жыныстық тәрбие беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі шаралардың жеткіліксіздігін көрсетеді. Осыған байланысты «Оқушылардың репродуктивті денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар» еліміздің барлық педагогикалық қоғамдастығында өзекті және сұранысқа ие.

Бұл жұмыста оқушылардың репродуктивті денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқын қорғау, проблемаларды анықтау бойынша халықаралық және отандық тәжірибе негізінде Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА 6-11 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына сауалнама жүргізу негізінде тамақтану және дене белсенділігі мәдениетін тәрбиелеу, білім алушылардың психоактивті заттар мен алкогольді теріс пайдалануымен жұмыс істеу, репродуктивті денсаулықты сақтау саласында оларды оқыту және тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар білім берудің барлық деңгейлері үшін «Дүниетану» және «Биология» пәндерінің жекелеген тақырыптарын зерделеу кезінде денсаулық сақтау мәселелерін енгізу, репродуктивті денсаулық бойынша элективті курстар құру, сондай-ақ бүкіл мектеп (денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп) деңгейінде кешенді бағдарлама әзірлеу, инновациялық бағдарламаларды қолдану арқылы сыныптан тыс жұмыстар үшін білім беру үдерісіне арналған «Бір-біріне тең» оқыту сияқты технологиялар және т. б.

Жұмыс барлық қажетті талаптарға сәйкес орындалады және оны басып шығаруға ұсынуға болады.

Рецензент:

Ұйымның атауы, лауазымы,

ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

Т.А.Ә.

қолы, күні

СҚО БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Солтүстік Қазақстан облысы білім беру ұйымдарының педагог кадрларының (бұдан әрі-СК) әдістемелік өнімдеріне сараптама жүргізу жөніндегі Сараптамалық кеңес қызметінің жұмысын регламенттейді.

1.2. СК туралы Осы Ереже нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.04.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

- "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (03.05.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен)

- "Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығы (11.10.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

- "Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 Бұйрығы

- "Педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (02.04.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен);

- "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары, қосымша білім беру және арнайы оқу бағдарламалары, сондай-ақ Білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілер"

- Республикалық оқу-әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңес туралы 29.12.2020 ж. ереже

1.3. СК "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" КММ "Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы" КММ (бұдан әрі-БСӘЖЖАТО) жанында жұмыс істейді және алқалы орган болып табылады.

1.4. Сараптамалық кеңестің қызметі туралы Ережеге қажет болған жағдайда әдістемелік өнімге сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс тобы өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, бірақ тоқсанына 1 реттен жиі емес. Өзгерістер мен толықтырулар

енгізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы басшысының бұйрығымен бір жыл мерзімге бекітіледі.

1.5. СК Солтүстік Қазақстан облысының педагогикалық кадрларының мектепке дейінгі, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы әдістемелік өнімдеріне сараптама жүргізеді.

1.6. СК отырыстары айына бір рет кезеңділікпен онлайн немесе офлайн форматта өткізіледі, шешім хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға СК төрағасы, төрағаның орынбасары және жауапты хатшысы қол қояды.

1.7. Отырыс СК құрамының кемінде 70% - ы қатысқан кезде заңды деп есептеледі. Бұл ретте күн тәртібіне сәйкес қаралатын ӘӨ авторының/құрастырушысының қатысуы міндетті, сондай-ақ қаралып отырған бойынша СК мүшелерінің қатысуы міндетті

2. СК қызметінің мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты** – тиімді тәжірибе таратуды қамтамасыз ететін педагогикалық қызметтің ақпараттық кеңістігін қалыптастыру.

2.2. **Міндеттері:**

- педагогикалық кадрлардың жаңашылдық және ғылыми-әдістемелік қызметінің деңгейін бағалау;
- педагогикалық ұсынымның жаңашылдығын, іс-тәжірибелік маңыздылығын, оның қолдану аясын анықтау және зерделеу;
- СК-ке облыс педагогтері ұсынған материалдардың талапқа сай ресімделуін, мазмұн сапасының сәйкестігін қамтамасыз ету.

3. СК-тің негізгі қағидалары, жұмыс тәсілі және сараптама нысандары

3.1. **Принциптері:** өзектілік, ғылыми, объективтілік, ашықтық, алқалылық, зерттеу адалдығының принциптері.

3.2. **Сараптамалық бағалау әдістері:** әдістемелік өнімнің сигналдық нұсқаларын талдау, сараптау, рецензиялау, автормен /құрастырушымен фокус-әңгіме.

3.3. **Әдістемелік материалдардың нысандары мен объектілері:**

- авторлық бағдарламалар;
- әдістемелік ұсынымдар;
- әдістемелік құралдар;
- сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері (сабақтар, сабақтар жүйесі және т. б.);
- оқу-әдістемелік кешендер;
- білім беру ұйымдарының тұжырымдамалары, жобалары, даму стратегиялары, дамудың оқу жоспарлары, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламалары;
- инновациялық нәтижелер туралы ақпараттық-талдамалық есептер қызметі;
- озық педагогикалық тәжірибені жалпылау материалдары;
- оқу және білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдар;
- конференция, форум материалдарының жинақтары және т. б.

4. СК құрамы

4.1. СК құрамына СҚО Білім басқармасының, білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығының өкілдері, «Өрлеу» БАҰО АҚ, ЖК «Педагогикалық шеберлік орталығы» қызметкерлері, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы мүшелері, мектепке дейінгі тәрбие және білім, орта, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының жетекші педагогтері, Кәсіпкерлер Палатасы өкілдері, т.б. кіреді;

- 4.2. СК мүшелерінің сандық құрамы тақ саннан құралады;
- 4.3. СК құрамына төраға, төраға орынбасары, жауапты хатшы, СК мүшелері кіреді;
- 4.4. СК құрамы әр жаңа оқу жылының басында СҚО білім басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі;
- 4.5. СК өкілеттігінің мерзімі - 1 күнтізбелік жыл;
- 4.6. СК төрағасы жүйелі түрде жұмыс процедурасын бұзу, өз міндетін орындамау, күзиреттіліксіз таныту, «мүдделер қарама-қайшылықтары» орын алған жағдайда және жұмыс барысында объективтілік таныта алмаған кеңес мүшесін мерзімінен бұрын СК құрамынан шығару туралы мәселені көтереді;
- 4.7. СК мүшесі сараптамаға ұсынылған жұмыстың рецензенті немесе ғылыми жетекшісі бола алмайды;
- 4.8. СК мүшесіне қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, зерттеушілік және әдістемелік тәжірибе, оқу бағдарламаларын және әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуші.

5. СК-те әдістемелік өнім сараптамасын өткізу регламенті

- 5.1. СК отырысында қарауға келіп түскен материалдардың сараптамасын сарапшылар жүргізеді.
- 5.2. СК ұсынылған материалдардың өзектілігін, білім үдерісіне енгізу мүмкіндігін, білім мазмұнына сәйкестігін зерделейді.
- 5.3. Материалдарды алдын-ала сараптамадан өткізу - тіркелген күннен бастап, 10 күндік мерзім ішінде пәндік бағыттар бойынша жүргізіледі.
- 5.4. Сараптама кезеңі ұсынылған материалға сарапшылар тарапынан шешім шығару және плагиатқа тексерумен аяқталады.
- 5.5. Әдістемелік материалдар бойынша қорытынды шешім сараптамалық кеңес отырысында (онлайн\оффлайн) жұмыс авторлары мен сарапшылардың қатысуымен қабылданады.

6. СК мүшелерінің міндеттері

- 6.1. Төраға мен төраға орынбасары СК қызметін үйлестіруді және жалпы басқаруды іске асырады, сараптама рәсімдерінің қызметін және жалпы СК қызметтерінің жұмыс тәртібін арттыруды ұйымдастырады.
- 6.2. СК төрағасы:
- СК-тің дербес құрамын қалыптастырады, СҚО Білім басқармасына
 - бекітуге ұсынады;
 - СК отырыстарында төрағалық етеді;
 - Білім беру ұйымдарының ұжымдары мен педагогтерін зерттеушілік жұмыстағы жоғары нәтижелері үшін марапаттау туралы ұсыныстар енгізеді.
- 6.3. СК төрағасының орынбасары:
- СК төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырыстарында және ағымды
 - қалыпты қызметтер кезінде төрағаның міндеттерін атқарады;
 - отырыстарда мәселелерді уақытылы қарастыруды, СК-тің жұмыс
 - жоспарының орындалуын бақылайды;
 - материалдардың сараптамаларын жүргізу үшін сарапшылар мен
 - сараптамалық топтарды анықтайды.
- 6.4. СК-тің жауапты хатшысы:
- СК қызметін ұйымдастыру жағдайын қамтамасыз етеді;
 - алдын-ала сараптама жүргізуге материалдарды ресімдеу бойынша
 - кеңестер береді;
 - СК құжаттамасын жүргізеді;
 - СК-ке келіп түскен өтінімдер мен материалдарды тіркейді, талапқа сай

- ресімделуін тексереді, сараптама бағыттары бойынша сарапшыларға тапсырады және сарапшылардан сараптамалық қорытындыларды қабылдайды (қосымша №1);

- СК отырысының күн тәртібін құрады, отырыс хаттамасын жүргізеді.

6.5. СК мүшелері:

- СК отырыстарына үзбей қатысады, кеңес шешімдерін шығарады;

- білім беру ұйымдарының ұсынған материалдарымен және

- сарапшылардың рецензияларымен танысады, рецензиялардың объективтілігін бағалайды, ұсынылған материалдар мен рецензиялар бойынша сұрақтар тізімін жасайды;

- материалдар деңгейінің Қазақстан Республикасы заңнамалық-

- нормативтік талаптарына, білім берудің инновациялық қызметтерін дамыту мақсаттарына және білім беру үрдістерін реттеу талаптарына сәйкес болуы туралы шешім қабылдайды.

6.6. СК мүшелеріне сараптамаға келіп түскен материалдар туралы ақпараттарды таратпау бойынша дербес жауапкершілік жүктеледі. Соның ішінде:

- автор туралы және материалдар мазмұны туралы мәліметтер;

- сараптамалардың барлық кезеңдері туралы мәліметтер.

6.7. Сарапшылар жұмыс үдерісі кезінде орын алған «мүдделер қақтығысы» туралы жағдайды уақытылы жауапты хатшыға хабарлауы тиіс.

7. СК-нің жұмыс тәртібі

7.1. Білім беру ұйымдары педагогтерінің материалдары электрондық поштаға қабылданады gis-smrito@mail.ru жауапты хатшы ай сайын 1-ден 5-ке дейінгі кезеңде журналда тіркеледі.

7.2. Барлық әдістемелік өнімдер (құралдар, жинақтар және басқа да материалдар) міндетті түрде автор(лар) / бірлескен автор(лар) / құрастырушы (лар) жұмыс істейтін білім беру ұйымы басшысының қолдауымен сүйемелденуге тиіс.

7.3. Әдістемелік өнімнің бірегейлік деңгейі кемінде 70% -. құрауы тиіс. Бірегейлікті тексеруді СК хатшысы жүзеге асырады.

7.4. Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін материалдар тіркелмейді және тіркелген күннен бастап 2 күн ішінде әдістемелік өнімді сараптаудан негізді бас тартумен қайтарылуға жатады.

7.5. СК мүшесі әдістемелік өнім туралы шешім жобасын шығарады; СК мүшелерінің отырысында сараптама кезеңі ашық дауыс беру арқылы шешімдердің бірін қабылдаумен аяқталады: материалдарды бекітуге ұсыну, пысықтаумен ұсыну немесе ұсынбау.

7.6. СК сараптамадан өткен материалдарды жариялауға ұсынады. Әдістемелік өнімді шығару тетігі, жарияланатын материалдарды ұсыну нысаны мен ресімдеуге қойылатын талаптар қосымшаларда келтірілген.

7.7. СК шешімдері хаттамамен ресімделеді.

7.8. Пысықтаумен ұсынылған жұмыстар сарапшыға отырыс күнінен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде қайта жіберілуі мүмкін. Көрсетілген жұмыс мерзімі өткеннен кейін қабылданбайды.

7.9. Материал авторының (авторларының) 6 ай ішінде теріс қорытындымен әдістемелік өнімді қайта қарауға СК-ке өтінім беруге құқығы жоқ.

7.10. Сараптама нәтижесінде авторға (авторларға) СК отырысы өткен күннен бастап 1 ай ішінде хаттамадан үзінді көшірме беріледі.

7.11. Сараптамадан өткен авторлық бағдарламаларды пайдалану құқығы авторға сілтеме жасай отырып мүмкін болады.

Әдістемелік материалдарды әзірлеуге қойылатын талаптар

1. Әдістемелік материалдардың авторлары бола алады:

- педагог;
- білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби бірлестіктері;
- әдістемелік бірлестіктердің басқа түрлері.

2. Әдістемелік материалдарды бағалау критерийлері (5-қосымша):

I. ӘӨ КОМПОНЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- ӘӨ атауы мен жанрының оның мазмұнына сәйкестігі
- Аннотация сапасы (тақырып парағының ішкі жағында)
- ӘӨ құрылымының сапасы
- Түсіндірме жазбаның /кіріспенің / алғы сөздің сапасы
- Қорытынды сапасы
- Библиографияның сапасы

II. МП МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР:

- Мазмұнның өзектілігі
- Мазмұнның әдістемелік негізділігі
- Мазмұнның өкілдігі
- Мазмұнның практикалық маңыздылығы

III. МП ТІЛДІК РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

ӘӨ-ді тілдік ресімдеу сапасы

3. Сараптамалық бағалау және кейіннен әдістемелік өнімді шығару үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- автордың//авторлардың/құрастырушылардың өтініші (1-қосымша);
- автор/авторлар/құрастырушылар туралы ақпарат (2-қосымша);
- мұқабара парағы және парақша (3-қосымша)
- әдістемелік жұмыстың қысқаша аннотациясы (3-қосымша);
- білім беру ұйымы басшысының қолдау хаты (4-қосымша)
- Word форматындағы электронды түрдегі әдістемелік өнімдер;
- **ішкі және сыртқы рецензиялар.**

4. Ішкі рецензияның авторлары:

- ӘӨ авторы немесе құрастырушысы санатынан жоғары санаты бар тиісті педагогикалық бағыт бойынша педагогтер;
- білім беру ұйымының пәндік бағыты бойынша ӘБ басшылары;
- пәндік бағыттар бойынша білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінің әдіскерлері;

сыртқы рецензия авторлары:

- СҚУ профессор-оқытушылар құрамы,
- "Өрлеу" БАҰО АҚ СҚО бойынша мамандары,
- тиісті пәндік бағытқа жетекшілік ететін БСӘЖжАТО әдіскерлері,
- тиісті пәндік бағытқа жетекшілік ететін білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінің әдіскерлері.

5. Материалды безендіруге қойылатын талаптар:

- Microsoft Word - мәтіндік редактор;
- қаріп – Times New Roman 14 ЖМ;
- өрістер-айна;
- жоларалық интервал-жалғыз;
- ені бойынша туралау;
- абзацтың бірінші жолының шегінісі - 1,25 см;
- беттер автоматты түрде көрсетіледі;
- 2 -бет (шығу деректерімен) – лауазымы мен жұмыс орны көрсетілген авторлардың, рецензенттердің, редактордың және корректордың (қажет болған жағдайда) Т. А. Ә. (қысқартусыз толық жазылсын),

- ұйымның, елді мекеннің атауы абзац шегініссіз басылады (орталыққа туралау, қысқартусыз толық жазылсын);
- мәтіндік ескертпелер төртбұрышты жақшада беріледі, әдебиеттер тізімінде дереккөз нөмірі және үтірден кейін бет нөмірі көрсетіледі, мысалы, [5, 256-бет];
- кестенің алдына оның нөмірі және ортасына тураланған атауы қойылады;
- суреттер, графиктер, сызбалар төменде қол қойылуы тиіс: реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі;
- әдебиеттер тізімі материалдың соңында қоса беріледі.

«Білім беру саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ сараптамалық кеңесінің төрағасы

ТАӘ _____
атқаратын лауазымы,
білім беру ұйымы, аудан
байланыс телефоны
e-mail адресі

Өтініш

Солтүстік Қазақстан облысы білім беру ұйымдарының педагог кадрларының әдістемелік өнімдеріне сараптама жүргізу жөніндегі Сараптамалық кеңестің отырысында келесі тақырып бойынша: _____

(жұмыстың атауы)

жұмысымды қарауыңызды сұраймын.

«__» _____ 20__
күні

қолы

Автор (лар) туралы ақпарат (тең құқылы авторлардың әрқайсысына)

Фото (өлшемі 3*4)

Автор-құрастырушы

Білімі (оқу орны мен факультеттің атауы, мамандығы, бітірген күні)

Санат

Жұмыс орны

Лауазымы

Педагогикалық өтілі (лауазымдағы жұмыс өтілі)

Жетістіктер, көтермелеулер (соңғы 3 жылда):

Байланыс: тел, мекен-жайы, э-mail

Білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен

Титул

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің «Білім саласындағы
әдістемелік жұмыс және
ақпараттық технологиялар
орталығы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі»



Коммунальное государственное
учреждение «Центр методической
работы и информационных
технологий в сфере образования»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо-
Казахстанской области»

Жұмыстың атауы

Форзац

**ББК
О-55**

**«Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы»
КММ-нің Сараптамалық кеңесінің шешімімен ұсынылды, хаттама№**

Рецензенттер: (Толық жазылсын: Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс орны)

Автор: (Толық жазылсын: Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс орны)

О-55 Тексеру жұмыстарының жинағы / құрастырушы / қала / жыл / беттер саны

Қысқаша аңдатпа:

** Міндетті түрде толтырылатын бағандар - авторлардың, рецензенттердің аты-жөні және олардың жұмыс орны, аннотация оқу құралы жазылған тілде жазылады.*

Ресми бланктегі өтініш үлгісі

Әдістемелік өнімге сараптама жүргізу
бойынша
Облыстық сараптамалық кеңес төрағасы

_____ ТАӘ

Қолдау хат

(Ұйымның атауы) сізден сараптамалық бағалау үшін материалдарды қарауды және кейіннен педагогтың әдістемелік материалын (жұмыс атауы) (Т.А. Ә.) пәні/бағыты (лауазымы, жұмыс орны) бойынша қарауды сұрайды.

Материалдар білім беру ұйымы деңгейінде қаралды, барлық мәлімделген талаптарға сәйкес келеді. Бірегейлік деңгейі: %. Бірегейлік туралы анықтама қоса беріледі.

Білім беру ұйымының басшысы
ТАӘ қолы/(мөр)

Әдістемелік өнімді (ӘӨ) жариялау және тарату бойынша талдау және ұсынымдар жөніндегі облыстық сараптамалық комиссия сарапшысының бағалау парағы

Автордың/бірлескен авторлардың аты-жөні _____

Жұмыстың атауы _____

Сарапшының материалды алған күні _____

Сараптаманы орындау және бағалау парағын толтыру күні _____

Критерийлер	Дескрипторлар				Қойылған ұпай
	толық - 3 б.	көп бөлігінде – 2б.	ішінара / андасанда / минималды - 1б.	жоқ - 0 б.	
ӘӨ КОМПОНЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР					
ӘӨ атауы мен жанрының мазмұнына сәйкестігі	ӘӨ мазмұны аталған жанрдың атауы мен талаптарына сәйкес келеді	ӘӨ мазмұны ӘӨ-ның елеулі бөлігінде аталған жанрдың атауы мен талаптарына сәйкес келеді	ӘӨ мазмұны аталған жанрдың атауы мен талаптарына фрагментті түрде сәйкес келеді	ӘӨ мазмұны аталған жанрдың тақырыбы мен талаптарына сәйкес келмейді	
Аннотация сапасы (титулдық беттің ішкі жағында)	аннотацияның мазмұны сұрақтарға нақты және толық жауап береді: ӘӨ мазмұны қандай? Бұл мазмұнның артықшылығы неде? Ол кімге арналған?	аннотацияның мазмұны сұрақтарға нақты және толық жауап бермейді: ӘӨ мазмұны қандай? Бұл мазмұнның артықшылығы неде? Ол кімге арналған?	аннотацияның мазмұны сұрақтарға аз жауап береді: ӘӨ мазмұны қандай? Бұл мазмұнның артықшылығы неде? Ол кімге арналған?	аннотацияның мазмұны жалпы сөз тіркестерін қамтиды	
ӘӨ құрылымының сапасы	мазмұны логикалық және дәйекті түрде құрылымдалған, автордың/құрастырушының зерттеу тәжірибесінің	мазмұны логикалық және дәйекті түрде құрылымдалған, автордың/құрастырушының зерттеу тәжірибесінің	мазмұны хронологиялық немесе басқа ретпен құрылымдалған, автордың/құрастырушының талданған материалдарын	зерттеу тәжірибесінің логикасы мен бірізділігін көрсетпейтін, ағымдағы жұмыстың сипаттамасына	

	материалдарын , оның толықтығын, тұтастығын көрсетеді	материалдарын көрсетеді	көрсетеді	негізделген мазмұн бар	
Түсіндірме жазбаның сапасы /кіріспе /алғы сөз	аталған компоненттің мазмұны білім беру тәжірибесінің мәселесін, оны шешудің әдістемелік тәсілдерін нақты және толық негіздейді, оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға әсерін дәлелдейді, тәжірибені қайталау кезінде ықтимал тәуекелдерді болжайды	аталған компоненттің мазмұны білім беру тәжірибесінің мәселесін, оны шешудің әдістемелік тәсілдерін негіздейді, оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға әсерін дәлелдейді.	аталған компоненттің мазмұны білім беру тәжірибесінің мәселесін атайды және оны шешудің әдістемелік тәсілдерін сипаттайды	аталған компоненттің мазмұны мәселеге және оны шешудің әдістемелік тәсілдеріне бағытталмаған жалпы ақпаратты қамтиды	
Қорытынды сапасы	толық және негізделген қорытынды мазмұны бойынша қорытындылар мен қолдануға арналған ұсыныстарды қамтиды	толық және негізделген қорытынды мазмұны бойынша қорытындыларды қамтиды	қорытынды мазмұны бойынша қорытындылардың қысқаша сипатымен сипатталады	қорытындыдан жалпы ақпарат бар (қорытындылар мен ұсынымдар жоқ) немесе мүлдем жоқ	
Библиографияның сапасы	дұрыс ресімделген библиография ӘӨ мәтінінде дұрыс ресімделген сілтемелері бар әдебиеттерді (қазақстандық және әлемдік) қамтиды, ӘӨ тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді,	дұрыс ресімделген библиография ӘӨ мәтінінде дұрыс ресімделген сілтемелері бар әдебиеттерді қамтиды, ӘӨ тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді	дұрыс ресімделген библиография, ӘӨ тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді	келтірілген әдебиеттер тізімі ұсынылған әдебиеттер тізімімен ауыстырылсын немесе пайдаланылған әдебиеттер тізімі жоқ	

	соңғы жылда жарияланған	1-5			
ӘӨ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР					
Мазмұнның өзектілігі	ӘӨ мазмұны заманауи білім беру трендтерімен байланысты және олардың өз тәжірибесінде қолданылуын ашады	ӘӨ мазмұны заманауи білім беру трендтерімен байланысты, бірақ олардың өз тәжірибесінде қолданылуын толық ашпайды.	ӘӨ мазмұны заманауи білім беру трендтерімен байланысты, бірақ олардың өз тәжірибесінде қолданылуын аз ашады.	ӘӨ мазмұны заманауи білім беру трендтерімен байланысты емес және олардың өз тәжірибесінд е қолданылуы н ашпайды.	
Мазмұнның әдістемелік негізділігі	мазмұны педагогикалық /әдістемелік тұжырымдамағ а негізделеді және оқыту/білім беру/дамытудағ ы сол немесе басқа тәсілдерді жүйелі және дәйекті түрде жүзеге асырады.	мазмұны белгілі бір дәрежеде педагогикалық/ әдістемелік тұжырымдама мен байланысты және оқыту / тәрбиелеу / дамытуда белгілі бір тәсілді жүзеге асырады	мазмұнында педагогикалық / әдістемелік тұжырымдама туралы айтылады, оқыту / тәрбиелеу / дамытуда қандай да бір тәсілдің фрагменті жүзеге асырылуы байқалады	мазмұны педагогикал ық / әдістемелік тұжырымда мамен ешқандай байланысы жоқ және оқыту / тәрбиелеу / дамытуда қандай да бір тәсілді жүзеге асырумен негізделмеге н	
Мазмұнның өкілдігі	мазмұны толық циклде тексерілді, бұл ӘӨ-дегі құжаттарға сілтемелермен расталады	мазмұны сынақтан өтті (ішкі және/немесе сыртқы), автор/құрастыр ушы ӘӨ-де дәлелдейді	мазмұны жеке элементтерде сыналған, оны құжатпен және/немесе автордың /құрастырушы ның өзі растайды	мазмұнында ешқандай апробация элементтері жоқ	
Мазмұнның практикалық маңызы	мазмұны мәселелер мен оларды шешу жолдарын анықтау арқылы білім беру тәжірибесін жақсартуға бағытталған және оны	мазмұны мәселелер және оларды шешу жолдарын анықтау арқылы білім беру тәжірибесін жақсартуға бағытталған, бірақ қосымша	мазмұны білім беру тәжірибесін жақсартуды жоққа шығармайды және масштабтауға болады, бірақ қосымша талдауды/	мазмұны масштабтауд ы қамтымайды , өйткені ол бар тәжірибенің сипаттамасы н ғана қамтиды	

	масштабтауға болады.	талдауды қажет етеді	мониторингті/ сараптаманы қажет етеді		
ӘӨ - нің ТІЛДІК РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР					
ӘӨ-нің тілдік ресімдеу сапасы	тілдік ресімдеу келесі ерекшеліктерге толығымен сәйкес келеді: стиль түзуші (ғылыми танымал тіл) және жанр түзуші (әдістемелік тіл), орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, сөйлеу және басқа қателер, техникалық қателер жоқ.	Мәтіннің басым бөлігінде тілдік ресімдеу келесі белгілерге сәйкес келеді: стиль құрастырушы (ғылыми танымал тіл) және/немесе жанр түзуші (әдістемелік тіл), орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, сөйлеу және басқа қателер, техникалық қателер жоқ.	Тілдік ресімдеу әрқашан ерекшеліктерге сәйкес келе бермейді: стиль түзуші (ғылыми танымал тіл) және/немесе жанр түзуші (әдістемелік тіл), орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, сөйлеу және басқа қателер, техникалық қателер бар	тілдік ресімдеу публицистикалық және/немесе ауызекі сөйлеу стилінің элементтерін, субъективті-бағалау лексикасын, сондай-ақ орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, сөйлеу және басқа да қателерді, техникалық қателерді қамтиды.	
БАРЛЫҒЫ					
ЕСКЕРТУ					

Сарапшы _____ /Тегі және аты-жөні/

Хатшы _____

Сарапшының пікірі: _____ ұсынамын / ұсынбаймын / толықтыру

30-33 - ұсынылған тәжірибе материалдары мазмұны мен ресімдеуіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді – ұсынылсын

25-29 - ұсынылған тәжірибе материалдары мазмұн мен ресімдеуге қойылатын талаптарға толық сәйкес келмейді – қайта қараумен ұсынылады

0 - 24 - ұсынылған тәжірибе материалдары мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейді – ұсынылмасын

Әзірлеген: А.Мурзалинова

Педагогтің деректеме құжаты –әдістемелік өнім

Әдістемелік өнім	педагогтің әдістемелік қызмет нәтижесін ұсыну түрі;
	педагогтердің әдістемелік қызмет нәтижесін ұсыну түрі;
	білім беру үрдісін ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету түрі.

Әдістемелік өнім түрлері	әдістемелік әзірлемелер
	әдістемелік нұсқаулықтар
	әдістемелік кеңестер
	әдістемелік құрал
	оқу құралы
	электрондық оқулық/электрондық оқу құралы
	тірек конспектісі / дәрістер конспектісі
	жұмыс дәптері
	есептер жинағы
	жаттығулар жинағы
	нұсқаулықтар жинағы
	дидактикалық материалдар және т.б.

Функционалдық қызметіне қарай әдістемелік өнімдердің жіктелуі

1. Ақпараттық-әдістемелік өнім	2. Ұйымдастыру-әдістемелік өнім	3. Қолданбалы әдістемелік өнім	4. Ғылыми-әдістемелік өнім	5. Оқу (білім беру) өнімі
<p>Өнім нақты мәліметтерді жеткізу, ақпарат беру мақсатында құрастырылады. Мысал ретінде: әдістемелік мазмұндағы өнім, әдістемелік-ақпараттық анықтағыш, бюллетень, аннотация, сөздік, реферативті жинақ және басқалары.</p>	<p>Бұл өнім түрі қызметті іске асыру мен ұйымдастыру тәртібі (алгоритм) және мақсатын түсіндіру үшін әзірленеді. Түрлері: әдістемелік өнім, әдістемелік жазба, әдістемелік әзірleme, ұсыныстар, әдістемелік құрал және т.б.</p>	<p>Өнім негізгі материалды, соның ішінде басқа түрдегі өнімдерді иллюстрациялық түрде толықтыру мақсатында құрастырылады. Түрлері: тақырыптық материалдар жинағы (мәтін, көрнекі-иллюстрация), иллюстрациялық (фото, сурет, сызба, графика), бейнероликтер және басқалары.</p>	<p>Оқыту мен тәрбиенің әдіс-тәсілдерін көрсету мақсатында әзірленеді. Арнайы журналдар мен ғылыми мақалалар жинағында жарық көретін өнім түрлері. Өнім түрлері. баяндама, тезистер, монографиялар және т.б.</p>	<p>Қандай да бір оқыту пәнін (тарау, бөлім) оқыту, оқу тәртібі және оның көлемін, мазмұнын анықтау мақсатында әзірленеді. Түрлері: оқулық, оқу құралы, жұмыс дәптері</p>



Әдістемелік өнім әзірлеудің қадамдық алгоритмі	
1	ағымдағы жағдайдағы білім саласындағы ахуал туралы ақпарат жинау, талдау жүргізу, проблемаларды анықтау ;
2	әзірленетін өнім мазмұнына жататын мәселені анықтау, өзекті тақырыпты таңдау;
3	мәселе бойынша алдында жинақталған тәжірибені негізге алу арқылы, оның шешу жолдарын анықтау;
4	әдістемелік өнімді құрастыру мақсатын анықтау;
5	Әдістемелік өнімді нақты қолданушыға бағыттай отыра, өнімді қолданушы адресаты болатынын ескере отыра, нысаналы аудиториясын анықтау;
6	Әзірленетін әдістемелік өнім түрін айқындау;
7	Негізгі мазмұны мен тақырыбын ашатын жұмыс тақырыбын анықтау;
8	Ұсынылатын материал жоспарын құру;
9	Таңдалған тақырып бойынша теориялық және тәжірибелік материал жинау, графикалық қосымшасымен (сурет, сызба, кесте);
10	Материалды жүйелеу, қолданылған материалды өңдеу, қойылған міндетті шешудің авторлық жолдарын ұсыну;
11	Материалды таңдалған өнім түрін әзірлеу талаптарына, құрылымына сай, тарауларға бөлу;
12	Материалды ғылыми стильде ұсыну түрін таңдау, әдістемелік өнімді әзірлеу барысында осы стильді ұстану;
13	Өнім мәтінін жазу, өнім мәтініне иллюстрацияларды орналастыру;
14	Нәтижелер мен өзіндік ой-пікірлер ауытқуының логикасын талдау;
15	Мәтіннің сауатты жазылуын тексеру;
16	Әдістемелік өнімді рецензиялауға тапсыру;
17	Рецензент ескертулеріне сәйкес, толықтырулар мен түзетулер енгізу;
18	Өнімді сараптамаға жіберу.

Әдістемелік өнімді құрастыру
бойынша жұмыс кезеңдері

Тақырып таңдау және оның өзектілігін негіздеу.

Өнім түрін және қолданыс аясын анықтау.

Тақырыпқа сай әдебиетті таңдау және талдау.

Жұмыс құрылымын анықтау.

Жұмыстың негізгі ауқымын қалыптастыру .


Өнімді рәсімдеу.

Өнімді ішкі және сыртқы рецензиялауға ұсыну.

Өнімді басып шығару.

Өнімде әзірлеуде қолданылған материалдың түпнұсқасына міндетті түрде сілтеме жасау қажет. Сілтемесіз жұмыс плагиат болып саналады.

Автор, автор-құрастырушы, құрастырушы.



Әдістемелік өнім мұқабасы

Өнім мұқабасына тек басты мәліметтер енгізіледі:

- **Басты беттің ортасында ұйым (мекеме) атауы, автордың(авторлардың) аты-жөні толық көрсетіледі;**
- **Мұқабаның ортасында өнім атауы көрсетіледі;**
- **Өнім атауының астында түрін көрсетуге болады (әдістемелік өнім түрілері);**
- **Мұқабаны көркем түрде рәсімдеуге болады.**

Әдістемелік өнімнің титулдық беті

Титулдық бетте библиографиялық өңдеу, статистикалық есеп жүргізу және тұтынушыны хабардар ету үшін баспа өнімі туралы негізгі шығу мәліметтері енеді:

